

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**ПИЛОТТЫҚ МЕКТЕПТЕРДІҢ 8-СЫНЫПТАРЫНДАҒЫ
«ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДІН» ОҚУ КУРСЫ ОҚУЛЫҚТАРЫ МЕН ОӘК
АПРОБАЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ИТОГАМ АПРОБАЦИИ УЧЕБНИКОВ И УМК
ПО УЧЕБНОМУ КУРСУ «ОБЩЕСТВО И РЕЛИГИЯ»
В 8-Х КЛАССАХ ПИЛОТНЫХ ШКОЛ**

Нұр-Сұлтан
2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2020 жылғы 16 қыркүйектегі № 7 хаттамасы)

Рекомендовано к изданию решением Ученого совета Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 7 от 16 сентября 2020 года)

Пилоттық мектептердің 8-сыныптарындағы «Қоғам және дін» оқу курсы оқулықтары мен ОӘК апробация қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 166 б.

Методические рекомендации по итогам апробации учебников и УМК по учебному курсу «Общество и религия» в 8-х классах пилотных школ. Методические рекомендации. – Нур-Султан: НАО имени И.Алтынсарина, 2020. – 166 с.

Әдістемелік ұсынымдарда Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған «Қоғам және дін» курсының оқулығы және оқу-әдістемелік кешендерін апробациялау нәтижелеріне талдау жасалған. «Қоғам және дін» курсының оқулығы және оқу-әдістемелік кешендерін апробациялау нәтижелері бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының басшыларына, пән-мұғалімдеріне, оқулық авторларына және баспа қызметкерлеріне арналған.

В методических рекомендациях представлен анализ итогов апробации учебника и учебно-методических комплексов курса «Общество и религия» для 8 класса уровня основного среднего образования. Даны методические рекомендации по итогам апробации учебников и учебно-методических комплексов курса «Общество и религия».

Методические рекомендации адресованы руководителям отделов образования, учителям предметникам, авторам учебников, работникам издательств.

© Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2020.
© Национальная академия
образования
им. И.Алтынсарина, 2020

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 500 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасында «Білім беру жүйесі жеке тұлға мен қоғамда қазақстандық патриотизмді, халықтың ұлттық және рухани дәстүрлеріне деген құрметті қалыптастыруда негізгі рөл атқарады» деп атап көрсетілген.

Тұжырымдамада білім беру ұйымдарында білім жүйесінің негізгі қағидаттары анықталған:

- мемлекеттің білім беру жүйесінің зайырлы сипатын қамтамасыз етуі;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) ішкі тәртіп қағидаттарын сақтауы, білім беру ұйымының жарғысында және білім беру қызметін көрсету туралы шартта көзделген өзге де талаптарды орындауы;
- білім беру және тәрбие процесінде оқушыларға дін туралы тек ғылыми тұрғыдан білім беру;
- оқыту кезінде қандай да бір діни бірлестікке кіруге немесе онда болуға мәжбүрлеуге жол бермеу;
- діни себептерге байланысты оқушылардың оқу сабақтарына қатысудан бас тартуына жол бермеу;
- білім беру ұйымдарында белгіленген киім үлгісіне қойылатын талаптарды орындау [1].

Аталған тұжырымдама негізінде негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған «Қоғам және дін» курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы, оқулығы мен оқу әдістемелік кешендерді әзірленді.

Осыған орай 2019-2020 оқу жылында еліміздің 31 пилоттық мектептерінің 8-сыныптарында «Қоғам және дін» курсы бойынша оқу бағдарламасын, оқулығы мен оқу әдістемелік кешендерді апробациялау жүргізілді.

Пилоттық мектептердің 8-сыныптарына арналған «Қоғам және дін» курсы оқулығы және оқу әдістемелік кешендерін апробациялау «Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған «Қоғам және дін» курсының оқулықтары мен оқу әдістемелік кешендерін сынақтан өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 27 тамыздағы №390 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылды.

2019-2020 оқу жылында пилоттық мектептерде 8-сыныптың «Қоғам және дін» курсы бойынша оқулықты және оқу-әдістемелік кешендерін апробациялау мақсаты – Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасы негізінде әзірленген оқу бағдарламасы, оқулықтар және ОӘК сапасы мен тиімділігін талдау. Сонымен қатар пилоттық мектептің 8-сыныптарындағы нақты оқу процесі жағдайында оқулықтар және ОӘК жіберілген кемшіліктерді анықтау,

жалпы білім беретін мектептерге енгізуге дайындау мақсатында оқулықтар және ОӘК одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар беру.

Апробацияға қатысқан 31 пилоттық мектептің 19-ы қалалық, 12-і ауылдық, соның ішінде 3 шағын жинақты мектеп. 8-сыныптарға арналған «Қоғам және дін» курсының оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін бір баспа әзірледі.

Әдістемелік ұсынымдарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі №344 бұйрығымен бекітілген Оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидасына сәйкес 8-сыныптарға арналған «Қоғам және дін» курсының оқулықтары және ОӘК апробациялау нәтижелері талданды[2].

Оқулық пен ОӘК апробациялау нәтижелерін талдау – оқу материалдарының сапасын бағалауды, туындаған проблемаларды және қиындықтарды анықтауды қамтиды. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы пилоттық мектептердің 8-сыныптарына арналған «Қоғам және дін» курсының оқулығы және ОӘК-ді апробациялау нәтижелерін талдау бойынша инструментарий (сауалнама) әзірледі. Сауалнама пән мұғалімдері туралы мәліметтер, оқу бағдарламасына, оқулықтың құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар, ОӘК мазмұнына қойылатын талаптар және оқулық пен ОӘК жалпы сипаттамадан тұрады (1-қосымша).

Оқулықтың құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар бойынша:

- оқулық мазмұны, бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы;

- білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне оқу материалының сәйкес келуі;

- оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығын сақтау);

- оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттің көрініс табуы;

- ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтау, мазмұнының, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттарымен байланысын қамтамасыз ету;

- тапсырмалардың және иллюстрациялық материалдардың оқу материалына сәйкестігіне талдау жасалды.

Оқу әдістемелік кешендердің мазмұнына қойылатын талаптар бойынша оқулық мазмұнына сәйкестігі, оқу жетістіктерін бағалау, қосымша ресурстарды пайдалану және үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуы, сұрақтар, тапсырмалар және мәтіндерді таңдауда жіберілген қателіктер анықталды.

Сонымен қатар, «Қоғам және дін» курсының оқулықтары және ОӘК-ін апробациялау нәтижелері бойынша әдістемелік ұсыныстар берілген.

1 8-СЫНЫПТАРДАҒЫ «ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДІН» ОҚУ КУРСЫ ОҚУЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ОӘК АПРОБАЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Елімізде білім мазмұнын жанартудағы ең маңызды қадамдардың бірі – маңызды әдістемелік база, оқу бағдарламасы, оқулық, әдістемелік құрал, жұмыс дәптері, дидактикалық және үлестірме материалдар, тестілер, мультимедиалық оқыту құралдарымен жабдықталған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің жаңа топтамасын жасау болып табылады.

«Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған «Қоғам және дін» курсының оқулықтары мен оқу әдістемелік кешендерін сынақтан өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 27 тамыздағы №390 бұйрығында 2019 жылғы 1-қыркүйектен бастап негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған «Қоғам және дін» курсының оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерін сынақтан өткізуді бастасын, деп атап көрсетілген [3].

Осы бұйрық негізінде «Қоғам және дін» курсының оқулықтары мен ОӘК бойынша апробация жүргізілген пилоттық мектептер саны бекітілді. Республиканың 31 пилоттық мектебінің 8-сыныптарында «Қоғам және дін» курсының оқулықтар мен ОӘК-нің апробациядан өтті (1-кесте).

Жаңа оқулықтар әзірлейтін баспалар сол не басқа оқулықтың, ОӘК-нің түрлі мектеп аудиториясында, шағын және балалар саны көп сыныптарда, қалада және ауылдық жерлерде, үлгерімі жоғары және төмен сыныпта қалай жұмыс жасайтыны туралы практик-мұғалімдердің, пән мұғалімдері мен әдіскерлердің пікірлерін білуі маңызды. Апробацияланып отырған оқулықтар бойынша педагогтердің ескертулері мен ұсыныстары оқулықтар мен ОӘК баспалары пәндік редакциясының қайта өңдеуі үшін, сондай-ақ мектептерге арнап неғұрлым сапалы және жетілдірілген жаңа оқулықтар шығаруға негіз болып табылады.

Жаңа оқулықты апробациялау, оны нақты білім беру мекемелері жағдайында қолдану, оның дидактикалық мүмкіндіктерін қоса берілген оқу материалдарымен үйлесімділікте сынақтан өткізу, білім беру мекемелерінің оқу-материалдық базасын, оқушылардың оқу мүмкіндіктерін ескере отырып, педагогтің кәсіби ұстанымы тұрғысынан оқытудың нәтижелілігін бағалау, алынған тәжірибені сипаттау және оны әрі қарай қолдану жөнінде ұсынымдар дайындау дегенді білдіреді.

1-кесте – 8-сынып «Қоғам және дін» курсының оқулықтары мен ОӘК бойынша апробация жүргізілген пилоттық мектептер саны

№	Областар атауы	Мектептер атауы	Мектеп типі	Оқыту тілі
1	Ақмола облысы	Көкшетау қаласы, №14 орта мектебі	қала	аралас
2		Бурабай ауданы, Оқжетпес орта	ауыл	аралас

		мектебі		
3	Ақтөбе облысы	Темір ауданы, Шұбарқұдық елді-мекені №1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясы	ауыл	қазақ
4		Ақтөбе қаласы, № 25 жалпы орта білім беретін мектебі	қала	аралас
5	Алматы облысы	Көксу ауданы, Ақшатоған ауылы, №5 орта мектебі	ауыл	орыс
6		Талдықорған қаласы, М. Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясы	қала	қазақ
7	Атырау облысы	Атырау қаласы, Ж. Қаражігітов атындағы № 16 мектеп-лицейі	қала	аралас
8		Индер ауданы, «Көктем» қазақ орта мектебі	ауыл	қазақ
9	Шығыс-Қазақстан облысы	Өскемен қаласы, Меновное орта мектебі	қала	аралас
10		Өскемен қаласы, Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейі	қала	қазақ
11	Жамбыл облысы	Тараз қаласы, №40 мектеп-гимназиясы	қала	орыс
12		Меркі ауданы, №5 Ақарал мектеп-гимназиясы	ауыл	қазақ
13	Батыс-Қазақстан облысы	Орал қаласы, №24 жалпы орта білім беретін мектебі	қала	орыс
14		Теректі ауданы, Подстепное ауылы, Теректі аудандық лингвистикалық гимназиясы	ауыл	қазақ
15	Қарағанды облысы	Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласының академик О.А. Жәутіков атындағы жалпы білім беретін № 1 қазақ орта мектебі	қала	қазақ
16		Қарағанды қаласы, Қазыбек би ауданы, №15 жалпы орта білім	қала	аралас

		беретін мектебі		
17	Қостанай облысы	Қостанай ауданы, Озерная орта мектебі	ауыл	аралас
18		Лисаковск қаласы, Лисаковск қаласы әкімдігінің білім бөлімінің мектеп-гимназиясы	қала	орыс
19	Қызылорда облысы	Қызылорда қаласы, Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектебі	қала	қазақ
20		Арал ауданы, Н.К.Крупская атындағы №14 мектеп-лицейі	ауыл	орыс
21	Маңғыстау облысы	Ақтау қаласы, №17 жалпы білім беретін орта мектеп	қала	аралас
22		Түпқараған ауданы, Баутин ауылы, М.Горький атындағы мектеп-лицейі	ауыл	орыс
23	Павлодар облысы	Павлодар қаласы, М.Әуезов атындағы №42 жалпы орта білім беретін мектебі	қала	аралас
24		Аққулы ауданы, С.Сатыбалды атындағы жалпы орта білім беретін мектебі	ауыл	қазақ
25	Солтүстік Қазақстан облысы	Ақжар ауданы, Алқатерек орта мектебі	ауыл	қазақ
26		Петропавл қаласы, №44 орта мектебі	қала	орыс
27	Түркістан облысы	Түркістан қаласы, М.Жұмабаев атындағы №15 мектеп-гимназиясы	қала	аралас
28		Созақ ауданы, Созақ» жалпы орта мектеп – гимназиясы	ауыл	қазақ
29	Нұр-Сұлтан қаласы	№ 53 мектеп-лицейі	қала	аралас
30	Алматы қаласы	Медеу ауданы, №19 жалпы орта білім беретін мектебі	қала	аралас
31	Шымкент қаласы	Жамбыл атындағы №26 мектеп-гимназиясы	қала	қазақ

Апробацияға еліміздің 31 пилоттық мектебі қатысты. Олардың 19-ы қалалық және 12-сі ауылдық мектеп (1-сурет).



1-сурет. Апробацияға қатысқан мектептер саны




2-сурет – Оқыту тілі бойынша мектептер саны

Апробацияға қазақ тілінде оқытатын 12 мектеп, орыс тілінде оқытатын 7 мектеп, аралас тілде оқытатын 12 мектеп қатысты.

Пилотқа 14 облыстан, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларынан 31 мектеп және 31 сынып қатысты. Өңірлердегі оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптардан 16 мектептен апробацияға 16-сынып жалпы саны 331 оқушы қатысты (3-сурет).


Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар



3-сурет- Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар саны

Өңірлердің апробацияға қатысқан 15 пилоттық мектебіндегі оқыту орыс тілінде жүргізілетін 15 сыныптардан жалпы саны 346 оқушы қатысты (4-сурет)

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар



4-сурет. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар саны

Апробацияға 19 қалалық мектеп қатысты, ол жалпы санының 61%-ын құрайды. Пилоттағы қалалық мектептерден 19 сынып қатысты, олардың 7-уі қазақ тілінде оқытатын, 12-сі орыс тілінде оқытатын сыныптар.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қалалық 5 мектептен апробацияға 5 сынып қатысты. Жалпы саны-135 оқушы. (5-сурет)



5-сурет. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қалалық мектеп бөлігіндегі оқушыларының саны.

5-суретте көрсетілгендей оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қалалық мектептерден апробацияға саны жағынан неғұрлым көп қатысқан оқушылар: оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар бойынша Шымкент қаласы Жамбыл атындағы №26 мектеп-гимназиясынан-32 оқушы, Қызылорда қаласы, Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектебінен-27 оқушы, Талдықорған қаласы, М. Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясы мен Қарқаралы қаласының академик О.А. Жәутіков атындағы жалпы білім беретін №1 қазақ орта мектебінен-26 оқушы, Өскемен қаласы, Шоқан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-лицейінен- 24 оқушы.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін қалалық 4 мектептен апробацияға 4 сынып қатысты. Жалпы саны-99 оқушы. (6-сурет)

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін қалалық мектеп оқушыларының саны




6-сурет. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін қалалық мектеп бөлігіндегі оқушыларының саны.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар бойынша қалалық мектептерден апробацияға саны жағынан неғұрлым көп қатысқан оқушылар: Тараз қаласы, №40 мектеп-гимназиясынан-28 оқушы, Лисаковск қаласы, Лисаковск қаласы әкімдігінің білім бөлімінің мектеп-гимназиясынан-25 оқушы, Петропавл қаласы, №44 орта мектебі мен Орал қаласы, №24 жалпы орта білім беретін мектебінен 23 оқушы.

Апробацияға аралас тілде оқытатын 10 қалалық мектеп қатысты, бұл жалпы мектептер санының 32%-ын құрайды. Пилотқа 10 сынып қатысты, жалпы саны- 247 оқушы. (7-сурет)


Аралас тілде оқытатын қалалық мектептегі оқушылар саны



7-сурет. Аралас тілде оқытатын қалалық мектептегі оқушылар саны.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар бойынша қалалық аралас мектептерден апробацияға саны жағынан неғұрлым көп қатысқан оқушылар: Түркістан қаласы, М.Жұмабаев атындағы №15 мектеп-гимназиясынан-35 оқушы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, №19 жалпы орта білім беретін мектебінен- 29 оқушы, Ж. Қаражігітов атындағы № 16 мектеп-лицейінен-27 оқушы.


7-суретте көрсетілгендей оқыту қазақ тілінде жүргізілетін қалалық аралас тілде оқытатын мектептерден апробацияға саны жағынан неғұрлым көп қатысқан оқушылар: Нұр-Сұлтан қаласы № 53 мектеп-лицейінен -28 оқушы.



8-сурет. Өңірлердегі ауылдық мектеп саны.


Апробация талдауы көрсеткендей, пилотқа 12 ауылдық мектеп, оның ішінде 2 шағын жинақты мектеп қатысты. Бұл мектептердің жалпы санының 39%-ын құрады. Қалалық мектептерге қарағанда 7 мектепке аз. Жалпы саны – 12 сынып, оның қазақ тілінде оқытатыны – 9, орыс тілінде оқытатыны – 3 сынып. Олардың ішінде 7-уі қазақ тілінде, 3-еуі орыс тілінде және 2-еуі

аралас тілде оқытатын мектептер. Апробацияға саны жағынан ең көп қатысқан оқушылар Жамбыл облысынан (25), Түркістан облысынан (24), Ақтөбе облысынан (22) болды (8-сурет).




9-сурет – Ауылдық мектептердегі қазақ тілінде оқитын оқушылар саны

Апробацияға 7 ауылдық мектептен қазақ тілінде оқытатын 7 сынып қатысты. Талдау көрсеткендей, пилотқа қатысқан қалалық қазақ мектебімен салыстырғанда 2 мектепке артық. Тиісінше сыныптар саны да ауылдық жерлерде 2 сыныпқа артық болды. Жалпы саны 122 оқушыны құрады (9-сурет).




10-сурет- Өңірлердегі қазақ тілінде оқытатын мектептер

Апробацияға қазақ тілде оқытатын 12 мектеп қатысты. Бұл мектептердің жалпы санының 39%-ын құрады. Оның ішінде 5-еуі қала мектептері, 7-еуі ауылдық мектеп, оның ішінде 2-еуі шағынжинақты мектептер. Барлығы 12 сынып. Диаграммада көрсетілгендей, апробацияға қатысқан сыныптардағы оқушылар саны әр түрлі. Қалалық мектеп бойынша 135 оқушы, ауылдық мектептерден 122 оқушы қатысты (10-сурет).




11-сурет – Ауылдық мектептердегі орыс тілінде оқитын оқушылар саны

Апробацияға орыс тілінде оқытатын 3 ауылдық мектептен 3 сынып қатысты. Орыс тілінде оқытатын қалалық мектептермен салыстырғанда мектептер саны 1 мектепке кем. Жалпы саны 49 оқушыны құрады (11-сурет).




12-сурет– Өңірлердегі орыс тілінде оқытатын мектептер саны

Апробацияға орыс тілде оқытатын 7 мектеп қатысты. Бұл мектептердің жалпы санының 22,5%-ын құрады. Оның ішінде 4-еуі қала мектептері, 3-еуі ауылдық мектеп. Барлығы 7 сынып қатысты. Диаграммада көрсетілгендей, апробацияға қатысқан сыныптардағы оқушылар саны әр түрлі. Қалалық мектеп бойынша 99 оқушы, ауылдық мектептерден 49 оқушы қатысты (12-сурет).



13-сурет – Аралас тілде оқытын ауылдық мектептердегі оқушылар саны

Апробацияға ауылдық мектептердегі аралас тілде оқытатын 2 мектептен 2 сынып қатысты. Аралас тілде оқытатын қалалық мектептермен салыстырғанда 8 мектепке кем. Қалалық аралас мектептегі сыныптардың 2-еуі қазақ, 8-і оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар. Ал ауылдық аралас мектептен пилотка қатысқан сыныптардың екеуі де оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар (13-сурет).



14-сурет- Өңірлердегі аралас тілде оқытатын мектептер

Апробацияға аралас тілде оқытатын 12 мектеп қатысты. Бұл мектептердің жалпы санының 39%-ын құрады. Оның ішінде 10-ы қала мектептері, 2-еуі ауылдық мектеп. Барлығы 12 сынып, оның 8-і орыс тілінде және 4-еуі қазақ тілінде оқытатын сыныптар. Диаграммада көрсетілгендей, апробацияға қатысқан сыныптардағы оқушылар саны әр түрлі. Қалалық мектеп бойынша 247 оқушы, ауылдық мектептерден 25 оқушы қатысты (14-сурет).

Апробация талдауы көрсеткендей «Қоғам және дін» курсы оқулығын апробациядан өткізуге өңірлерден 31 мектептен 31 сынып қатысқан. Жалпы саны 677 оқушы (2-кесте).

2-кесте – Пилоттық мектептер туралы мәліметтер

Мектептер	қазақ	орыс	аралас
Қала	5 (135оқушы)	4 (99оқушы)	10 (247 оқушы)
Ауыл	7 (122оқушы)	3 (49 оқушы)	2 (25 оқушы)
Барлығы	12 (257)	7(148)	12(272)

Сонымен апробацияға мектептердің жалпы санының 61%-ын құрайтын 19 қала мектебі мен 39 %-ын құрайтын 12 ауыл мектебі қатысты. Апробацияға өңірлерден 8-сыныпқа арналған «Қоғам және дін» курсы оқулығы мен оқу-әдістемелік кешенін апробациядан өткізуге 31 тарих пәні мұғалімдері қатысқан.

Мұғалімдер туралы мәліметтер

8-сынып (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар)

8-сыныпта «Қоғам және дін» оқулығы мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізген мұғалімдер туралы мәліметтер 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте – 8-сыныпқа арналған «Қоғам және дін» оқулығы мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізуге қатысқан мұғалімдер саны

Мұғалім саны	Білімі	Еңбек өтілі		Санаты					«Өрлеу» БАҰО				«НЗМ» ДББҰ			
		5 жылға дейін	10 жылдан жоғары	жоғары	бірінші	Зерттеуші- педагог	Педагог- эксперт	Педагог- модератор	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
16	16	1	15	1	1	11	2	1	3	5	6	4	2	4	3	1

Апробация талдауы көрсеткендей «Қоғам және дін» курсының оқулығы мен оқу-әдістемелік құралын апробациядан өткізуге өңірлерден оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 16 мектептен 16 мұғалім қатысты.



15-сурет- Аprobацияға қатысқан мұғалімдердің білімі мен еңбек өтілі туралы

8-сынып бойынша аprobациядан өтетін мұғалімдердің саны – 16. Оның ішінде білімі «Жоғары» мұғалімдер саны – 16. Білімі «жоғары» мұғалімдердің үлесі – 100% .

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептерден аprobацияға қатысқан 16 мұғалімнің ішінде жұмыс өтілі 1-5жыл аралығында 1 мұғалім, 10 жылдан жоғары – 15 мұғалім. Жұмыс өтілі 10 жылдан жоғары мұғалімдер үлесі (94%). Жұмыс өтілі 1-5 жыл аралығындағы мұғалімдердің үлесі – 6% құрайды (15-сурет).




16-сурет- Аprobацияға қатысқан мұғалімдердің санаты туралы мәліметтер

Аprobацияға қатысатын мұғалімдердің 1 – жоғары санатты, 1 – I санатты мұғалімдер.

Жаңа біліктілік талаптары бойынша аprobацияға қатысқан мұғалімдер 88%-ды құрады. Аprobацияға қатысқан 14 мұғалімнің 1 – «педагог-модератор», 2 – «педагог-сарапшы», 11 – «педагог – зерттеуші» дәрежесі бар. Оқыту қазақ

тілінде жүргізілетін сыныптарда «Педагог – зерттеуші» санаты бойынша мұғалімдердің үлесі басым болып, 69%-ды құрады. Ал «педагог-сарапшы» үлесі 13%, «педагог-модератор» санаты бойынша 13%. (16-сурет)



17-сурет – Апробацияға қатысқан мұғалімдердің БАҰО «Өрлеу» курстарынан өткендігі туралы

Апробацияға қатысатын мұғалімдердің 2017 жылы жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстарына – 3, 2018 жылы – 5, 2019 жылы – 6, 2020 жылы 4 мұғалім қатысты. Ең көп қатысқан мұғалімдер Алматы облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Павлодар облысы (3 мұғалім 2018ж, 2020ж), Қарағанды облысы (1 мұғалім, 2017ж, 2019ж) бойынша байқалды. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда 2019 БАҰО «Өрлеу» курстарынан өткен мұғалімдердің үлесі басым болып, 38%-ды құрады. Ал 2018ж мұғалімдердің үлесі 31%, 2020ж 25%, 2017ж бойынша 19%. БАҰО «Өрлеу» курстарына жалпы қатысқан мұғалімдер саны – 14. (17-сурет).



18-сурет – Апробацияға қатысқан мұғалімдердің «НЗМ» ДББҰ курстарынан өткендігі туралы

Апробацияға қатысқан мұғалімдердің 2017 жылы «НЗМ» ДББҰ курстарына қатысқан саны – 2. 2018 жылы – 4 мұғалім, 2019 жылы – 3 мұғалім, 2020 жылы «НЗМ» курстарына – 1 мұғалім қатысты. Ең көп қатысқан мұғалімдер Маңғыстау облысы (1 мұғалім 2017ж, 2018ж, 2018ж 2020ж) бойынша байқалды.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда 2018 «НЗМ» ДББҰ курстарынан өткен мұғалімдердің үлесі басым болып, 25%-ды құрады. Ал 2019ж мұғалімдердің үлесі 19%, 2017ж 13%, 2020ж. бойынша 6 %. «НЗМ» ДББҰ курстарына жалпы қатысқан мұғалімдер саны – 7. (18-сурет).

8-сынып (оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар)

8-сыныпта «Қоғам және дін» оқулығы мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізген мұғалімдер туралы мәліметтер 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте – 8-сыныпқа арналған «Қоғам және дін» оқулығы мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізуге қатысқан мұғалімдер саны

Мұғалім саны	Білімі	Еңбек өтілі		Санаты				«Өрлеу» БАҰО				«НЗМ» ДББҰ		
	Жоғары	5 тен 10 жылға дейін	10 жылдан жоғары	жоғары	бірінші	Зерттеуші- педагог	Педагог-эксперт	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
15	15	1	14	3	1	5	6	2	4	4	2	2	4	2

Апробация талдауы көрсеткендей «Қоғам және дін» курсының оқулығы мен оқу-әдістемелік құралын апробациядан өткізуге өңірлерден оқыту орыс тілінде жүргізілетін 15 мектептен 15 мұғалім қатысты.




19-сурет- Апробацияға қатысқан мұғалімдердің білімі мен еңбек өтілі туралы

8-сынып бойынша апробациядан өтетін мұғалімдердің саны – 15. Оның ішінде білімі «Жоғары» мұғалімдер саны – 15. Білімі «жоғары» мұғалімдердің үлесі – 100% .

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептерден апробацияға қатысқан 15 мұғалімнің ішінде жұмыс өтілі 5-тен 10 жылға дейінгі аралығында 1 мұғалім, 10 жылдан жоғары – 14 мұғалім. Жұмыс өтілі 10 жылдан жоғары мұғалімдер үлесі (93%). Жұмыс өтілі 5-10 жыл аралығындағы мұғалімдердің үлесі – 7% құрайды.

Апробация нәтижесі көрсеткендей оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептерден апробацияға қатысқан мұғалімдермен салыстырғанда оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектеп мұғалімдері саны 1-ге кем. Сәйкесінше жұмыс өтілі 5-10 жыл аралығындағы мұғалімдердің үлесі де – 1% -ға аз болды.(19-сурет).




20-сурет- Апробацияға қатысқан мұғалімдердің санаты туралы

Апробацияға қатысатын мұғалімдердің 3 – жоғары санатты, 1 – I санатты мұғалімдер.

Жаңа біліктілік талаптары бойынша апробацияға қатысқан мұғалімдер 73%-ды құрады. Апробацияға қатысқан 11 мұғалімнің, 6 – «педагог-сарапшы», 5 – «педагог – зерттеуші» дәрежесі бар.

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда «Педагог – сарапшы» санаты бойынша мұғалімдердің үлесі басым болып, 40%-ды құрады. Ал «педагог-зерттеуші» үлесі 33%.

Апробация нәтижесі көрсеткендей оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептерден апробацияға қатысқан мұғалімдермен салыстырғанда жаңа біліктілік талаптары бойынша апробацияға қатысқан мұғалімдер саны 3-ке кем, сәйкесінше 15% аз болды(20-сурет).



21-сурет – Аprobацияға қатысқан мұғалімдердің БАҰО «Өрлеу» курстарынан өткендігі туралы

Аprobацияға қатысатын мұғалімдердің 2017 жылы жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстарына – 2, 2018 жылы – 4, 2019 жылы – 4, 2020 жылы 2 мұғалім қатысты. Ең көп қатысқан мұғалімдер Павлодар облысы, Түркістан облысы (2 мұғалім 2019ж, 2020ж) бойынша байқалды. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда 2018 және 2019жж. БАҰО «Өрлеу» курстарынан өткен мұғалімдердің үлесі басым болып, 27%-ды құрады. Ал 2017, 2018 жылдары курстан өткен мұғалімдердің үлесі 13%. БАҰО «Өрлеу» курстарына жалпы қатысқан мұғалімдер саны – 10. Оқыту қазақ тілінде өткізілетін сынып мұғалімдерімен салыстырғанда «Өрлеу» курстарынан өткен мұғалімдердің саны 4- ке кем (21-сурет).



22-сурет – Аprobацияға қатысқан мұғалімдердің «НЗМ» ДББҰ курстарынан өткендігі туралы


Пилоттық мектеп мұғалімдерінің 2017 жылы «НЗМ» ДББҰ курстарына қатысқандары – 2 мұғалім. 2018 жылы – 4 мұғалім, 2019 жылы – 2 мұғалім, 2020 жылы «НЗМ» курстарына – 1 мұғалім қатысты. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сынып мұғалімдері бойынша 2018ж «НЗМ» ДББҰ курстарынан

өткен мұғалімдердің үлесі басым болып, 27%-ды құрады. Ал 2017 және 2019жж. мұғалімдердің үлесі 13%, 2020ж бойынша 7 %. «НЗМ» ДББҰ курстарына жалпы қатысқан мұғалімдер саны – 8. Оқыту қазақ тілінде өткізілетін сынып мұғалімдерімен салыстырғанда «НЗМ» ДББҰ курстарынан өткен мұғалімдердің саны 1- ге кем (22-сурет).

Апробация талдауы көрсеткендей «Қоғам және дін» курсының оқулығы мен оқу-әдістемелік құралын апробациядан өткізуге өңірлерден 31 мектептен 31 мұғалім қатысты. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 16 мектептен 16 мұғалім, оқыту орыс тілінде жүргізілетін 15 мектептен 15 мұғалім қатысты (5-кесте).

5-кесте-8-сыныпқа арналған «Қоғам және дін» оқулығы мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізуге қатысқан мұғалімдердің жалпы саны

Мұғалім	Білімі	Еңбек өтілі			Санаты					«Өрлеу» БАҰО				«НЗМ» ДББҰ			
		5 жылға дейін	5 тен 10 жылға дейін	10 жылдан жоғары	жоғары	бірінші	Зерттеуші- педагог	Педагог- эксперт	Педагог- модератор	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл
16 (қазақ)	16	1		15	1	1	11	2	1	3	5	6	4	2	4	3	1
15 (орыс)	15	-	1	14	3	1	5	6	-	2	4	4	2	2	4	2	-
31	31	1	1	29	4	2	16	8	1	5	9	10	6	4	8	5	1




23-сурет- Мұғалімдердің білімі мен еңбек өтілі туралы мәліметтер

8 сынып бойынша апробациядан өтетін мұғалімдердің саны – 31. Оның ішінде білімі «жоғары» мұғалімдер саны – 31. Білімі «жоғары» мұғалімдердің үлесі – 100% құрайды.

Апробация нәтижесі көрсеткендей, оқыту орыс тілінде жүргізілетін сынып мұғалімдерімен салыстырғанда оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сынып мұғалімдерінің саны 1-ге артық.

Апробацияға қатысатын 31 мұғалімдердің ішінде жұмыс өтілі 1-5 жыл аралығында 1 мұғалім, 5-10 жыл – 1, 10 жылдан жоғары – 29 қатысуда.

Жұмыс өтілі 10 жылдан жоғары мұғалімдер үлесі 93,5% құрады. Жұмыс өтілі 1-5 жыл және 5-10 жыл аралығындағы оқыту қазақ және орыс тіліндегі сынып мұғалімдерінің үлесі 6,5% құрады (23-сурет).




24-сурет– Апробацияға қатысқан мұғалімдердің санаты туралы

Апробацияға қатысқан мұғалімдердің 4 – жоғары санатты, 2 – I санатты мұғалімдер.

Апробация нәтижесі көрсеткендей, жоғары санаты бар мұғалімдердің көп бөлігін оқыту орыс тілінде жүргізілетін сынып мұғалімдері (3 мұғалім) құрайды. Оқыту қазақ және орыс тіліндегі бірінші санаттағы сынып мұғалімдерінің үлесі бірдей.


Жаңа біліктілік талаптары бойынша апробацияға қатысқан 25 мұғалімнің 1 – «педагог-модератор», 8 – «педагог-сарапшы», 16 – «педагог – зерттеуші» дәрежесі бар.

«Педагог – зерттеуші» санаты бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сынып мұғалімдерінің үлесі басым (34,5%), «педагог-сарапшы» санаты бар мұғалімдердің көп бөлігін оқыту орыс тілінде жүргізілетін сынып мұғалімдері (19,3%), «педагог-модератор» санаты бар мұғалім тек оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сынып мұғалімдерінен (3,2%) құралды (24-сурет).



25-сурет – Аprobацияға қатысқан мұғалімдердің БАҰО «Өрлеу» курстарынан өткендігі туралы

Аprobацияға қатысатын мұғалімдердің 2017 жылы жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстарына 2017 жылы – 5, 2018 жылы – 9, 2019 жылы – 10, 2020 жылы – 6 мұғалім қатысты. Аprobация нәтижесіне сәйкес оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сынып мұғалімдерімен салыстырғанда ең көп қатысқан мұғалімдер қатарын оқыту орыс тілінде жүргізілетін сынып мұғалімдері құрады. Атап айтсақ, 2017жылы 3 мұғалім, 2018 жылы 5 мұғалім, 2019 жылы 6 мұғалім, 2020 жылы 4 мұғалім. Жалпы саны – 18 мұғалім. Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сынып мұғалімдер саны оқыту орыс тілінде жүргізілетін сынып мұғалімдерден 6-ға кем, барлығы 12 мұғалімді құрады. Жаңартылған білім мазмұны бойынша БАҰО «Өрлеу» курстарына жалпы қатысқан мұғалімдер саны – 30 (25-сурет).



26-сурет – Аprobацияға қатысқан мұғалімдердің «НЗМ» ДББҰ курстарынан өткендігі туралы

Апробацияға қатысқан мұғалімдердің 2017 жылы «НЗМ» ДББҰ курстарына қатысқан саны – 4. 2018 жылы – 8 мұғалім, 2019 жылы «НЗМ» курстарына – 5 мұғалім, 2020 жылы – 1 мұғалім қатысты.

Ең көп қатысқан мұғалімдер: 8 мұғалім, 2018ж. Ал ең аз қатысқаны 2020 жылы 1 мұғалім.

Апробация нәтижесі көрсеткендей оқыту орыс тілінде жүргізілетін сынып мұғалімдерімен салыстырғанда ең көп қатысқан мұғалімдер қатарын оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сынып мұғалімдері құрады.

Олар 2017жылы 2 мұғалім, 2018 жылы 4 мұғалім, 2019 жылы 3 мұғалім, 2020 жылы 1 мұғалім. Жалпы саны – 10 мұғалім. Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сынып мұғалімдер саны оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сынып мұғалімдерден 2-ге кем, барлығы 8 мұғалімді құрады. «НЗМ» ДББҰ курстарына жалпы қатысқан мұғалімдер саны – 18.

Мониторинг нәтижесіне сәйкес Жаңартылған білім мазмұны бойынша «НЗМ» ДББҰ курстарына жалпы қатысқан мұғалімдермен салыстырғанда БАҰО «Өрлеу» курстарына қатысқан мұғалімдер саны 12 мұғалімге артық. Сонымен БАҰО «Өрлеу» курстарына қатысқан мұғалімдердің үлесі (96,7%), «НЗМ» ДББҰ курстарына жалпы қатысқан мұғалімдер (38,7%) құрады (26-сурет).

8-сыныпқа арналған «Қоғам және дін» оқулығы мен ОӘК-ді апробацияға дайындаған баспа туралы мәліметтер

2019-2020 оқу жылында республиканың пилоттық мектептердегі 8-сыныптың «Қоғам және дін» оқулығы мен оқу-әдістемелік кешендерін апробациядан өткізуге 1 баспа қатысты. Ол «Көкжиек-Горизонт» баспасы.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясында эксперименттік білім беру ұйымдарының 8-сыныптарында «Қоғам және дін» курсының апробациядан өткізілетін оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерінің тәртіптемесі әзірленіп, ресми хатпен «Көкжиек-Горизонт» баспасына жіберілді (2-қосымша).

Баспа пилоттық мектеп оқушылары мен пән мұғалімдерін апробациядан өткізуге арналған оқулық және оқу-әдістемелік кешендерімен қамтамасыз етті. Баспаның пилоттық мектеп оқушыларын оқулықпен қамтамасыз етуі туралы ақпараттар 6-7-кестелерде берілген.

«Көкжиек-Горизонт» баспасы өңірдегі 16 пилоттық мектептің оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 8-сынып бойынша 331оқушыны оқулықпен қамтамасыз етті. Сонымен оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін апробацияға жалпы саны 331 оқулық ұсынылды (6-кесте).

6-кесте. 8-сыныптар бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сынып оқушыларына апробацияға ұсынған оқулықтар саны

16	«Оқжетпес орта мектебі»
22	«№1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясы»
26	«№19 орта мектеп-гимназиясы»
20	««Көктем» қазақ орта мектебі»
24	«Шокан Уәлиханов атындағы №3 мектеп-гимназиясы»
25	«№5 Ақарал мектеп-гимназиясы»
20	«Теректі аудандық лингвистикалық мектеп»
26	«№1 қазақ орта мектебі»
9	«Озерная орта мектебі»
27	«Әлжіков атындағы №144 орта мектебі»
21	«№17 жалпы білім беретін орта мектеп»
3	«С.Сапыбалды атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
8	«Алқатерек орта мектебі»
24	«Созак» жалпы орта мектеп – гимназиясы
28	№53 мектеп-лицейі
32	«Жамбыл атындағы №26 мектеп-гимназиясы»

7-кесте. 8-сыныптар бойынша оқыту орыс тілінде жүргізілетін сынып оқушыларына апробацияға ұсынған оқулықтар саны

19	№14 орта мектебі
25	№25 жалпы орта білім беретін мектебі»
9	№5 орта мектебі
27	№16 мектеп-лицейі
19	Меновное орта мектебі
28	№40 мектеп-гимназиясы
23	№24 жалпы орта білім беретін мектебі
24	№15 жалпы орта білім беретін мектебі
25	Лисаковск қаласы әкімдігінің білім бөлімінің мектеп-гимназиясы
20	№14 мектеп-лицейі
20	М.Горький атындағы мектеп-лицейі
20	№42 жалпы орта білім беретін мектебі
23	№44 орта мектебі
35	№15 мектеп-гимназиясы
29	№19 жалпы орта білім беретін мектебі

«Көкжиек-Горизонт» баспасы өңірдегі 15 пилоттық мектептің оқыту орыс тілінде жүргізілетін 8-сынып бойынша 346 оқушыларын оқулықпен қамтамасыз етті. Сонымен оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін апробацияға жалпы саны 346 оқулық ұсынылды (7-кесте).



27-сурет – «Көкжиек-Горизонт» баспасы бойынша апробациядан өткен оқулықтар үлесі

Апробация талдауы көрсеткендей оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптармен салыстырғанда ұсынылған оқулықтар қатарының басым бөлігін оқыту орыс тілінде жүргізілетін сынып (51%) құрады. Ал оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар (49%) болды. Сонымен «Көкжиек-Горизонт» баспасынан апробацияға пилоттық мектептің 8-сынып оқушыларына «Қоғам және дін» курсы бойынша 677 оқулық ұсынылған (27-сурет).

«Қоғам және дін» курсы оқулығын апробациядан өткізуге өңірлерден 31 мектептен 31 тарих пәні мұғалімдері қатысқан. Мұғалімдерді апробацияға ұсынылған оқулық және оқу әдістемелік құралмен қамтамасыз ету туралы мәліметтер 8-кестеде көрсетілген.

8-кесте – Пән мұғалімдерін апробацияға ұсынылған оқулық және оқу әдістемелік құралмен қамтамасыз ету туралы мәліметтер

<i>Мұғалімдер</i>	<i>Оқулық</i>	<i>Оқу әдістемелік кешен</i>
Оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар	16	16
Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар	15	15
<i>Барлығы</i>	<i>31</i>	<i>31</i>

«Көкжиек-Горизонт» баспасы оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптардың бойынша 16 пән мұғалімін және оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптардың бойынша 15 мұғалімді оқулық және оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етті. Сонымен мұғалімдер үшін апробацияға 31 оқулық, 31 оқу-әдістемелік кешен ұсынылды. Жалпы саны– 62 (8-кесте).

Апробация нәтижесі көрсеткендей «Көкжиек-Горизонт» баспасынан апробацияға ұсынылған «Қоғам және дін» оқулығының жалпы саны 708 оқулық пен 31 оқу әдістемелік кешенді құрайды (9-кесте).

9-кесте «Көкжиек-Горизонт» баспасы бойынша апробацияға ұсынылған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешен үлесі

<i>Апробацияға қатысқандар</i>	<i>Оқулық</i>	<i>Оқу әдістемелік кешен</i>
Оқушылар	677	
Мұғалімдер	31	31
<i>Барлығы</i>	<i>708</i>	<i>31</i>

«Көкжиек-Горизонт» баспасы бойынша апробацияға ұсынылған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешеннің жалпы саны –739 оқулықтар мен ОӘК (9-кесте).

«Қоғам және дін» курсы оқу бағдарламасын, оқулығы мен оқу-әдістемелік кешенін апробациялау қорытындысы

Оқу бағдарламасының білім мазмұны бойынша және оқулықтың мазмұны құрылымы, тапсырмалардың оқу материалына сәйкестігі, иллюстрациялық материалдар, оқу-әдістемелік кешендердің (ОӘК) мазмұнына қатысты пән-мұғалімдері арасында *сауалнама* жүргізілді (1-қосымша).

Бұл мұғалімдердің оқу бағдарламаларының, оқулықтардың, ОӘК, сапасын және т. б. бағалауына талдау жасауға мүмкіндік берді.

Оқу бағдарламасы негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

«Қоғам және дін» курсы бойынша оқу бағдарламасы білім алушыларға әлемдік тарихи процестегі діннің орны, оның өзара байланысы мен қарым-қатынасы туралы, дін туралы ғылыми білім негізінде зайырлылық және мемлекет пен қоғамның зайырлы негіздері туралы түсінік қалыптастыруды көздейді. Өзге халықтардың діни мәдениетіне құрметпен қарауды, діни экстремизм мен фанатизмнің радикалды идеологиясына қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған.

Оқу пәнінің міндеттері:

1) мемлекеттің білім беру жүйесінің зайырлы сипатын қамтамасыз ету принципін жүзеге асыру;

2) білім алушылардың діндердің тарихы және олардың өзіндік ерекшеліктері туралы ғылыми білімін қалыптастыру;

3) білім алушылардың зайырлы қоғам дамуының қазіргі кезеңін талдау мен жеке өмірін болжау үшін дін туралы қажетті білімді адамзат өркениетінің құбылысы ретінде меңгеруі;

4) қоғам дамуының зайырлы принциптерінің өзіндік құндылықтары мен әлем халықтарының діни мәдениеттерінің бірегейлігін ұғыну;

5) білім алушылардың азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет

дамуының зайырлылық принциптеріне негізделген жеке ұстанымдары мен құндылықтық бағдарын қалыптастыру;

6) қазіргі қоғам мен жеке тұлға өміріндегі діннің рөлін анықтау;

7) әртүрлі діндер мен діни ұстанымдар құндылықтарының арасындағы байланыстарды анықтау;

8) түрлі діни мәдениеттер мен дәстүрлерге төзімділікпен қарауды қалыптастыру;

9) дін және оның тарихы туралы білімнің негізінде діни сауаттылыққа тәрбиелеу;

10) Қазақстан халқының тарихи қалыптасқан дәстүрлерін қастерлеу қабілетін арттыра отырып, қоғамдағы әр түрлі жат діни ағымдарға қарсы иммунитет қалыптастыру;

11) білім алушылардың діни әдебиет, электронды ресурстар мен БАҚ материалдарын талдауға қатысты сыни ойлау дағдыларын дамыту;

12) білім алушылардың коммуникативтік байланыс дағдыларын, дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша сұхбаттастық қабілетін дамыту[4].

Оқу бағдарламасына деген мұғалімдердің көзқарасын анықтау үшін сауалнамада мынадай пайымдаулар ұсынылды:

1 бөлім. Оқу бағдарламасының білім мазмұны:

- ✓ білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі;
- ✓ практикалық дағдыларды дамытуға бағыттылығы;
- ✓ мазмұнында қазақстандық компоненттердің көрініс табуы;

2-бөлім. Жаңа оқу бағдарламасының негізгі артықшылықтары:

- ✓ кең спектрлі дағдаларды дамытуға бағыттылығы;
- ✓ оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беруі;

3- бөлім. Оқу процесінде қиындық тудырған бөлімдер мен тақырыптар:

- ✓ бөлімдер;
- ✓ тақырыптар;

Тәрбие жұмысы бойынша:

- ✓ отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға әсері;
- ✓ қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпалы;
- ✓ өз халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін түсінуді қалыптастыруға мүмкіндік беруі;


- ✓ өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыруға ықпалы.

Мұғалімдердің жауаптарын талдау нәтижелері төмендегі диаграммаларда көрініс тапқан. Оқу бағдарламасының сапасын бағалау үшін мұғалімдерге мынадай жауаптар шкаласы ұсынылды: 2 балл – толық келісемін немесе – толық байқалады, 1 балл – жартылай келісемін немесе ішінара байқалады, 0 балл – келіспеймін немесе байқалмайды.

1. Жаңа оқу бағдарламасының мазмұны бойынша:


Пән бойынша жаңа бағдарлама менің білім алушыларымның басым көпшілігіне қызықты деген пайымдау бойынша «толық байқалады» жауабын 30 (97%) мұғалім таңдады, «ішінара байқалады» жауабын 1 (3%).

1.1. Пән бойынша жаңа бағдарлама менің білім алушыларымның басым көпшілігіне қызықты




«Пән бойынша бағдарлама білім алушыларымыздың басым көпшілігінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді» пайымдауы бойынша «толық байқалады» жауабын 29 (94%) мұғалім таңдап, 2 (6%) «ішінара байқалады» жауабын белгілеген.

1.2. Оқу бағдарламасы білім алушыларымыздың басым көпшілігінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді




«Пән бойынша бағдарлама мазмұны практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған» пайымдаумен мұғалімдердің 87% толық келіседі, 13% «ішінара байқалады» жауабын таңдады.

1.3 Бағдарлама мазмұны практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған



Бағдарлама мазмұнында қазақстандық компоненттер көрініс тапқан деп 87% мұғалімдер пікірін білдірді, яғни пайымдаумен толық келіскенін көрсетті, ал 13% «ішінара байқалады» жауабын таңдады.


1.4 Бағдарлама мазмұнында қазақстандық компоненттер көрініс тапқан



Сонымен оқу бағдарламасы мазмұны бойынша мұғалімдерге қойылған 4 сұрақтың екеуі бойынша «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдердің үлесі 90 пайыздан асты.

Мысалы, «жаңа бағдарлама менің білім алушыларымның басым көпшілігіне қызықты» пайымдауды мұғалімдердің 97%, «бағдарлама білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді» - 94%.

Ал «Бағдарлама мазмұны практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған» және «Бағдарлама мазмұнында қазақстандық компоненттер көрініс тапқан» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 87% құрады (27-сурет).




27-сурет - Оқу бағдарламасы мазмұны бойынша пайымдаулар

2. Жаңа оқу бағдарламасының негізгі артықшылықтары бойынша:

Сауалнаманың «Сіздердің білім алушылар үшін жаңа оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары қандай?» сұрағы бойынша мұғалімдерге 2 пайымдау ұсынылды.


«Кең спектрлі дағдыларды дамытуға бағытталған» пайымдауы бойынша «толық байқалады» жауабын 28 (90%) мұғалімдер таңдап, 3 (10%) «ішінара байқалады» жауабын белгілеген.

2.1 Кең спектрлі дағдыларды дамытуға бағытталған



«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді» деген пайымдаумен мұғалімдердің 90% толық келіседі, сонымен қатар, 10% «ішінара байқалады» деген пікірлерін білдірді.

2.2 Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді



Жаңа оқу бағдарламасының негізгі артықшылықтарын анықтауда пилоттық мектеп мұғалімдерінің басым бөлігі кең спектрлі дағдыларды дамытуға бағытталуы және оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік беретіні бойынша оң пікір білдірді.

3. Оқу бағдарламасы бойынша қиындық тудырған тақырыптар:

Апробация нәтижесі бойынша «Қоғам және дін» курсы оқу бағдарламасындағы кейбір тақырыптардың қиындық тудырғаны анықталды. Апробацияға қатысқан 31 мұғалімнің 2-уі (6,5%) қиындық тудырған тақырыптар: «Экстремизм мен терроризм қазіргі әлемнің жаһандық қаупі ретінде», «XXI ғасырдағы еркін ойшылдық және атеизм» деп белгіледі. 29 (93,5%) мұғалім оқу бағдарламасының тақырыптары бойынша қиындық туындамағанын көрсетті.


Тәрбие жұмысы

Оқу бағдарламаларының контекстінде тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі және өз оқу-жаттығу субъектісі ретінде білім алушының тәрбиесіне деген нақты оқу курсының үлесі бар. Оқу бағдарламасы тәрбие мен оқыту бірлігі қағидатын іске асыруды қамтамасыз етеді. Оқу бағдарламасының ерекше айырмашылығы – олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сонымен қатар, мектептің білім беру тәжірибесінде де, сондай-ақ болашақта, мектепті бітіргеннен кейін де оқушылардың жетістіктеріне кепіл болып табылатын кең спектрлі дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы. Оқу курсы

мазмұнына сәйкес оқушыларды дін және оның тарихы туралы білімнің негізінде діни сауаттылыққа тәрбиелеуге негізделуі. Қазақстан халқының тарихи қалыптасқан дәстүрлерін қастерлеу қабілетін арттыра отырып, қоғамдағы әр түрлі жат діни ағымдарға қарсы иммунитет қалыптастыруға бағыттылығы.

Оқу үдерісінде пән мазмұны негізінде тәрбиелік аспектіні іске асырудың жалпы көрінісін анықтау мақсатында пилоттық сыныптар мұғалімдеріне пән бойынша сұрақтар ұсынылды.

«Бағдарлама отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?» сұрағына «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 28 (90%) құрады, ал 10 % «ішінара байқалады» деген пікірлерін білдірді.




«Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?» сұрағына «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 30 (96,7%), 1 (3,3%) мұғалім «ішінара байқалады» жауабын белгілеген.



«Бағдарлама өз халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін түсінуді қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?» сұрағына «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 28 (90%), ал 3 (10%) мұғалім «ішінара байқалады» жауабын таңдады.



«Бағдарлама еңбек дағдыларын және өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?» сұрағына «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 27 (87%), 4 (13%) «ішінара байқалады» жауабын белгілеген.



«Қоғам және дін» курсы оқулығы бойынша апробация нәтижелері

«Қоғам және дін» курсы оқулығы мен ОӘК сапасына талдау жасау пилоттық мектептердің 8-сынып мұғалімдеріне Академия әзірлеп, ұсынған бағалау критерийлері негізінде іске асырылды. Критерийлер келесілерді анықтауға бағытталған:

– курс бойынша оқулықтың оқу бағдарламаларына қаншалықты сәйкестігін;

– оқу материалдарын әзірлеуге қойылатын талаптарға оқулық құрылымының сәйкестігін;

– оқу тапсырмалары білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі;

– оқу бағдарламасына сәйкес курс бойынша оқулықта зерттеу сипатындағы тапсырмалар мен қорыту үшін тапсырмалардың енгізілуі;

– иллюстрациялық материал қаншалықты көркем, ол мазмұнымен байланысты ма;

– баяндалған оқу материалының тілі мен стилі әдеби нормаларға және оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келе ме;

– оқу материалын баяндау кезінде қандай да бір қателіктерге жол берілген бе?: фактологиялық, грамматикалық, стилистикалық.

Пилоттық мектептердің 8-сынып мұғалімдеріне пайымдауларды келесі балдық шкала бойынша бағалау (2 балл – толық байқалады, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды) және өз пікірлерін ескертулерде негіздеу ұсынылды.

Сауалнама барысында мұғалімдердің оқулықтар мен ОӘК туралы пікірлері келесі критерийлер бойынша анықталды:

I бөлім. Оқулықтың мазмұны мен құрылымы:

- ✓ мазмұны;
- ✓ кіріспе;
- ✓ түсіндіру мәтіні;
- ✓ бақылау сұрақтары мен тапсырмалар;
- ✓ шартты белгілерді, сигналдар-символдарды пайдалану;
- ✓ бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы;

- ✓ білім алушының психологиялық және жас ерекшеліктеріне оқу материалының сәйкес келуі;
- ✓ оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығының сақталуы);
- ✓ оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттің көрініс табуы;
- ✓ ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтау, мазмұнының, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттарымен байланысын қамтамасыз ету.

II бөлім. Оқу материалын баяндау тілі мен стилі:

- ✓ Грамматикалық қателер;
- ✓ Стилистикалық қателер;
- ✓ Фактологиялық қателерді анықтау.

III бөлім. Оқу материалының әдістемелік жағы:

- ✓ Оқу тапсырмаларының білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі;
- ✓ зерттеушілік сипаттағы тапсырмалардың болуы;
- ✓ дамытушы, үйретуші, тәрбиелеуші тапсырмалардың болуы;
- ✓ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құзыреттілігін қалыптастыру тапсырмалары бойынша қорытындылар.

IV бөлім. Иллюстрациялық материалдардың берілуі:


- ✓ Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығы;
- ✓ Иллюстрациялық материалдың эстетикалық талаптарға сәйкестігі;
- ✓ Иллюстрациялар көлемінің оңтайлылығы.

V бөлім. Оқу-әдістемелік кешендер:


- ✓ Оқу-әдістемелік кешендердің оқу бағдарламаларының мазмұнына сәйкестігі;
- ✓ формативті бағалау бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуы;
- ✓ қосымша ресурстарды пайдалану бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуы (сілтемелер);
- ✓ үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуы;
- ✓ сұрақтар, тапсырмалар, мәтіндерді таңдауда қателердің болуы (қолайлылығы, дұрыстығы) бойынша қорытындылар.

1. Оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі:


Сауалнамаға қатысқан пилоттық мектептердің 8-сынып мұғалімдері «Қоғам және дін» курсы бойынша оқулықтың құрылымы мен мазмұнына талдау жасады. Осы талдау бойынша оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі анықталды. Оқулық мазмұнының сәйкестігі бойынша «толық байқалады» жауабын 30 (97%) мұғалім, «ішінара байқалады» жауабын 1 (3%) таңдады.



Оқулықтың кіріспе бөлімінің талаптарға сәйкестігін пилоттық мектептердің 31 мұғалімі (100%) қолдағанын келесі диаграммадан көруге болады.




Талдау негізінде оқулықтың түсіндіру мәтінінің талаптарға сәйкестігі бойынша «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 30 (97%) құрады, ал 3 % «ішінара байқалады» деген пікірлерін білдірді.




Сауалнамаға қатысқан 8-сынып мұғалімдері «Қоғам және дін» оқулығында шартты белгілерді, сигналдар-символдарды пайдаланудың талаптарға сәйкестігіне оң баға берген, 31 мұғалімнен «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 30 (97%) құрады, «ішінара байқалады» жауабын 1 (3%) таңдады.

Шартты белгілерді, сигналдарды-символдарды пайдалану




Талдау нәтижесі бойынша оқулықта берілген бақылау сұрақтары мен тапсырмалардың білім мазмұнына, оқулық талаптарына сәйкестігін анықтауда «толық байқалады» жауабын 29 (94%) мұғалімдер таңдап, 2 (6%) «ішінара байқалады» жауабын белгілеген.

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар




Оқулықтағы бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы бойынша «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 29 (94%) құрады, ал 6 % «ішінара байқалады» деген пікірлерін білдірді.

2. Бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы




Оқулықтағы оқу материалының білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі пайымдауы бойынша «толық байқалады» жауабын 28 (90,4%) мұғалімдер таңдап, 3 (9,6%) «ішінара байқалады» жауабын белгілеген.

3. Білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне оқу материалының сәйкес келуі




Талдау негізінде оқулықтың оқу материалын мазмұндау логикасы мен бөлімдер арасында сабақтастықты сақтаудың талаптарға сәйкестігі бойынша «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 30 (97%) құрады, ал 3 % «ішінара байқалады» деген пікірлерін білдірді.

4. Оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығын сақтау)



Оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттің көрініс табуы бойынша «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 28 (90,4%), 3 (9,6%) мұғалім «ішінара байқалады» жауабын белгілеген.


5. Оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттің көрініс табуы



Оқулықта ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтау, мазмұнының, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттарымен байланысын

қамтамасыз ету бойынша «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 30 (97%) құрады, ал 3 % «ішінара байқалады» деген пікірлерін білдірді.

6. Ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтау, мазмұнының, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттарымен байланысын қамтамасыз ету



Талдау нәтижесі көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан 8-сынып мұғалімдері оқулықтың мазмұны мен құрылымының талаптарға сәйкестігін төмендегідей бағалаған:

- мазмұны – 97%;
- кіріспе – 100%;
- түсіндіру мәтіні – 97%;
- бақылау сұрақтары мен тапсырмалар – 94%;
- шартты белгілерді, сигналдар-символдарды пайдалану – 97%;
- бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы – 94%;
- білім алушының психологиялық және жас ерекшеліктеріне оқу материалының сәйкес келуі – 90%;
- оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығының сақталуы) – 97%;
- оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттің көрініс табуы – 90%;
- ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтау, мазмұнының, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттарымен байланысын қамтамасыз ету бойынша талаптарға сәйкестігі – 97% көрініс тапқан.


2. Оқу материалын баяндау тілі мен стилі

Апробация барысында «Қоғам және дін» оқулығы материалдардың анықтығы, нақтылығы, баяндау мәнері, оқулықта орын алған фактологиялық, грамматикалық, стилистикалық қателерді анықтау бойынша талдау жүргізілді.


Пилоттық мектептердің 8-сынып мұғалімдеріне оқу материалын баяндау тілі мен стилі пайымдауларды келесі жауаптар бойынша бағалау (қателердің болуы – иә, қателердің болмауы – жоқ) және өз пікірлерін ескертулерде негіздеу ұсынылды.

Пилоттық мектеп мұғалімдерінің жауаптары келесі диаграммаларда орын алған.

Оқулық мазмұнында грамматикалық қателердің орын алуы бойынша «жоқ» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 30 (97%) құрады, ал 3 % мұғалім «иә» жауабын белгілеген.



Талдау негізінде оқулық мазмұнында стилистикалық қателіктердің болуы бойынша «жоқ» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 30 (97%) құрады, ал 3 % «иә» деген пікірлерін білдірді.



Оқулықтағы фактологиялық қателерді анықтауда «жоқ» жауабын таңдаған пилоттық мектеп мұғалімдерінің үлесі 30 (97%), 1(3%) мұғалім «иә» жауабын белгілеген.



Талдау нәтижесіне сәйкес, сауалнамаға қатысқан 8-сынып мұғалімдерінің 97% оқулықта фактологиялық, грамматикалық, стилистикалық қателер орын алмағанын анықтаса, 1 мұғалім қателіктердің кездесетіні туралы пікір білдірді.

3. Оқу материалының әдістемелік жағы

✓ Оқу тапсырмаларының білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі;


✓ зерттеушілік сипаттағы тапсырмалардың болуы;

✓ дамытушы, үйретуші, тәрбиелеуші тапсырмалардың болуы;

✓ ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құзыреттілігін қалыптастыру тапсырмалары бойынша қорытындылар төмендегі диаграммаларда көрініс тапқан.

Сауалнамаға қатысқан пилоттық мектептердің 8-сынып мұғалімдері «Қоғам және дін» курсы бойынша оқулықтағы оқу материалының әдістемелік жағына талдау жасады. Осы талдау бойынша оқу тапсырмаларының талаптарға сәйкестігі анықталды.

Оқу тапсырмаларының білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі бойынша «толық байқалады» жауабын 30 (97%) мұғалім, «ішінара байқалады» жауабын 1 (3%) таңдады.




Талдау негізінде оқулықта зерттеушілік сипаттағы тапсырмалардың болуы бойынша «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 29 (94%) құрады, ал 6 % «ішінара байқалады» деген пікірлерін білдірді.



Оқулық мазмұнында дамытушы, үйретуші, тәрбиелеуші тапсырмалардың болуын анықтауда «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 30 (97%), 1 (3%) мұғалім «ішінара байқалады» жауабын белгілеген.



Оқулықтағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құзыреттілігін қалыптастыруға арналған тапсырмалардың қамтылуы бойынша «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 19 (61,3%) құрады, ал 12 (38,7 % «ішінара байқалады» деген пікірлерін білдірді.



Талдау нәтижесі көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан 8-сынып мұғалімдері оқулықтағы оқу материалының әдістемелік жағының талаптарға сәйкестігін төмендегідей бағалаған:

- Оқу тапсырмаларының білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі – 97%;
- зерттеушілік сипаттағы тапсырмалардың болуы - 94%;
- дамытушы, үйретуші, тәрбиелеуші тапсырмалардың болуы – 97%;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құзыреттілігін қалыптастыру тапсырмалары – 61,3%.

Бұл көрсеткіштерден оқулықты ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құзыреттілігін қалыптастыру тапсырмаларын толықтырудың қажеттілігін көрсетеді.


4. Иллюстрациялық материалдардың берілуі:

- ✓ Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығы;
- ✓ Иллюстрациялық материалдың эстетикалық талаптарға сәйкестігі;
- ✓ Иллюстрациялар көлемінің оңтайлылығы бойынша қорытындылар төмендегі диаграммаларда көрініс тапқан.

Талдау барысында оқулықтағы иллюстрациялық материалдың оқу мазмұнына сәйкестігі анықталды.


Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығы бойынша пилоттық мектеп мұғалімдерінің 28 (90,4%) «толық байқалады» жауабын таңдаған, «ішінара байқалады» жауабын белгілеген мұғалімдер үлесі 3 (9,6%) құрады.

Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығы




Оқулықтағы иллюстрациялық материалдың эстетикалық талаптарға сәйкестігі бойынша «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 27 (90 %) құрады, ал 4 (10 %) «ішінара байқалады» деген пікірлерін білдірді.

Иллюстрациялық материалдың эстетикалық талаптарға сәйкестігі



Оқулықтағы оқу материалына сәйкес берілген иллюстрациялар көлемінің оңтайлылығын анықтау бойынша «толық байқалады» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 27 (90 %) құрады, ал 4 (10 %) «ішінара байқалады» жауабын белгілеген.

Иллюстрациялар көлемінің оңтайлылығы



Апробация нәтижесі көрсеткендей, сауалнамаға қатысқан 8-сынып мұғалімдері оқулықтағы иллюстрациялық материалдардың талаптарға сәйкестігін төмендегідей бағалаған:

- Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығы – 90,4%;
- Иллюстрациялық материалдың эстетикалық талаптарға сәйкестігі – 90%;
- Иллюстрациялар көлемінің оңтайлылығы – 90%.

5 бөлім. Оқу-әдістемелік кешендер:

Осы бөлім бойынша пилоттық мектеп мұғалімдеріне ұсынылған сауалнаманың алғашқы «Оқулықпен қоса оқу-әдістемелік кешендер алдыңыз ба?» сұрағына мұғалімдер 100% қамтамасыз етілгені туралы жауап берді.

Апробация барысында «Қоғам және дін» курсы бойынша оқу-әдістемелік кешен материалдарының:

- оқулық мазмұнына сәйкестігі;
- формативті бағалау бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуы;
- қосымша ресурстарды пайдалану бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуы (сілтемелер);
- үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуы;
- сұрақтар, тапсырмалар, мәтіндерді таңдауда қателіктерді (қолайлылығы, дұрыстығы) анықтау бойынша талдау жүргізілді.

Пилоттық мектептердің 8-сынып мұғалімдеріне оқу-әдістемелік кешен бойынша пайымдауларды келесі жауаптар бойынша бағалау (сәйкестігі – «иә», сәйкес келмеуі – «жоқ») және өз пікірлерін ескертулерде негіздеу ұсынылды.

«Қоғам және дін» курсы бойынша әзірленген әдістемелік құралдың оқулық мазмұнына сәйкестігін анықтау бойынша сауалнама сұрағына 31 мұғалім толығымен 100% сәйкес жауабын белгілеген.



Әдістемелік құралда формативті бағалау бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуы бойынша «иә» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 29 (94%) құрады, ал 6 % «жоқ» деген пікірлерін білдірді.



Әдістемелік құрал мазмұнында қосымша ресурстарды пайдалану бойынша тәжірибелік ұсыныстардың (сілтемелер) болуын анықтауда «иә» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 30 (97%), 1 (3%) мұғалім «жоқ» жауабын белгілеген.



Әдістемелік құралда оқулықтағы оқу материалы мазмұнына сәйкес үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуын анықтауда «иә» жауабын 30 (97%) мұғалім, «жоқ» жауабын 1 (3%) таңдады.



Талдау негізінде әдістемелік құралдағы сұрақтар, тапсырмалар, мәтіндерді таңдаудағы қателіктерді (қолайлылығы, дұрыстығы) анықтау бойынша «иә» жауабын таңдаған мұғалімдер үлесі 18 (58%) құрады, ал 42 % «жоқ» деген пікірлерін білдірді.



Апробация нәтижесіне сәйкес, сауалнамаға қатысқан 8-сынып мұғалімдері әдістемелік құралдағы оқу материалының *талаптарға сәйкестігін төмендегідей бағалаған:*

- әдістемелік құралдың оқулық мазмұнына сәйкестігі – 100%;
- формативті бағалау бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуы– 94%;
- қосымша ресурстарды пайдалану бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуы (сілтемелер) – 97%;
- үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуы – 97%;
- сұрақтар, тапсырмалар, мәтіндерді таңдауда қателіктердің орын алуы – 58%;
- пилоттық мектеп мұғалімдерінің әдістемелік құралмен қамтамасыз етілуі – 100% құрады.

Оқулық пен оқу-әдістемелік кешендерге жалпы сипаттама

8-сыныпқа арналған «Қоғам және дін» оқулығының апробациясына бір баспаның оқулығы ұсынылған (10-кесте).

<i>№</i>	<i>Оқулық атауы</i>	<i>Автор(лар)</i>	<i>Баспа</i>
1	Қоғам және дін	Ә.П.Әбуов; Қ.Т.Қалилаханова; Г.Е.Жанұзақова; С.Б.Әлімқұлова	Көкжиек-Горизонт

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 211 бұйрығымен бекітілген Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларына сәйкес оқулық - оқу пәнін жүйелі түрде баяндайтын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес келетін оқу басылымының түрі.

Оқулықтарды, оқу әдістемелік кешендер мен оқу әдістемелік құралдарды сынақтан өткізу - білім беру ұйымдарының оқу процесінде алғаш әзірленген оқулықтарды, оқу әдістемелік кешендер мен оқу әдістемелік құралдарды пайдалану практикасын кешенді зерделеу болып табылады.

Осыған орай, оқулықтың әдістемелік аппаратының тиімділігін, мазмұнының қолжетімділігін, оқу материалын баяндау тілінің оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігін бағалау және оқу процесіне енгізу мүмкіндігін зерделеу мақсатында 2019-2020 оқу жылында 8-сыныпқа арналған «Қоғам және дін» оқулығын апробациядан өткізген пилоттық мектеп мұғалімдерінің оқулық және оқу әдістемелік кешен бойынша апробация нәтижелері берілген.

8-сынып, «Қоғам және дін» оқулығы, «Көкжиек-Горизонт» баспасы

Авторлары: Ә.П.Әбуов; Қ.Т.Қалилаханова; Г.Е.Жанұзақова;
С.Б.Әлімқұлова

Жалпы қорытынды:

Оқулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы «25» қазандағы №545 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған «Қоғам және дін» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес әзірленген (3-қосымша).

Оқулықта ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі адамзаттың діни мәдениетінің даму үдерісіндегі қоғам, мемлекет және дін мәселелері оқушыларға түсінікті тілмен жазылған. Оқу материалының құрылымы және мазмұны жүйелі берілген.

Пәннің негізгі тұжырымдамалық, өзекті мәселелері әлемдік әрбір дін ілімін зерттеуде олардың ортақ құндылықтарын ашуға баса назар аударылған.

Оқулық жасөспірімнің қалыптасуында қоғам мен діннің арасындағы байланыстарды, өткен тарихты дұрыс қабылдауда нақты білім беруге бағытталған.

Оқулықтың мазмұны аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат өтілетін пәнге 32 параграф берілген және қалған екі параграфтың біреуі кіріспеге арналса, екіншісі жылдың соңында өтілген тақырыптарды қайталау, қорытындылау сабағына арналған, тиімді берілген. Оқулықтың мазмұнында жастардың қазіргі уақытта білуге тиіс мәселелері қозғалады және олар нақты түрде беріледі. Мысалы,

1. Діндегі адамгершілік қағидалары;
2. Адам өмірі – ең жоғары адамгершілік құндылық;
3. Махаббат және отбасы құндылықтары;
4. Экстремизм және терроризм қазіргі әлемнің жаһандық қаупі ретінде;
5. Қазақстан – зайырлы мемлекет тақырыптары берілген.

Оқу материалын баяндау тілі 8-сынып білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Оқулық оқуға ыңғайлы, оқушылар үшін түсінікті жазылған.

Оқу процесін ұйымдастырудағы оқулық мүмкіндігі жоғары. Оқулықтың әр параграфтары дайын сабақтар болып табылады. Оқулықтың мазмұны педагог пен білім алушының қызығушылығын арттырады. Білім алушыларға арналған тақырыптар өте қызықты берілген.

Оқулық тақырыптары жүйелі, мазмұн сабақтастығын ескере отырып құрылған. Оқу материалы тарих, дінтану және қоғамтану бойынша білімді біріктіреді. «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «Өзін-өзі тану», «Қазақ әдебиеті» оқу пәндерімен пәнаралық байланыс сақталған. Бұл білім алушылардың «Қоғам және дін» курсынан алған білімдерін басқа сабақтарда қолдануына мүмкіндік береді.

Оқулық мазмұны білім алушыларды дін және оның тарихы туралы білімнің негізінде діни сауаттылыққа тәрбиелеуге бағытталған. «Қоғам және дін» пәнін оқыту барысында оқулық оқушылардың діни мәдениетін қалыптастыруға бағыттайды.

Білім алушылардың қазіргі заманғы қоғам өміріндегі, олардың жеке өміріндегі және қазіргі тарихи үдерістегі дін туралы ой-өрісін кеңейтті.

Оқулық барлық өлшемдерге сәйкес әзірленген: қол жетімділік, ғылымилық, оқушылардың ұғымдық аппаратын дамытады. Әр параграф материалы мазмұнды, қызықты берілген. Сапалы және мазмұнды әзірленген оқу материалы тарих сабағында және сынып сағаттарында пайдаланылды. Оқулық жаңартылған білім беру мазмұны талаптарына сәйкес әзірленген.

Оқулықтың тәрбиелік бағыты да басым: мысалы, адамгершілік, инабаттылық, ізеттілік тақырыптары, тұлғаны қалыптастырудағы маңызы зор әдеп, эстетика тақырыптары да қарастырылған. Оқушының ойын жетілдіруде «Өмірдің мәні», «Еркіндік және жауапкершілік» сияқты тақырыптар қамтылған. Оқулық діни теориялық біліммен қатар, өмірге бейімдеу, бағыттауға негізделген.

Әдістемелік қамтамасыз етілуі:

Әрбір тақырыптарда анықтамалар, аңыз – шежіре және дінтану әліппесінен мысалдар мен түсініктер беріледі. Әр тақырып ашып көрсетілген, әрбір термин сөздерге анықтама, оқушының логикалық ой-өрісін дамытуға арналған сұрақтар, қосымша тапсырмалар қазіргі жаңа бағдарламаларға сай берілген. Оқушының қабылдауына жеңіл әрі түсінікті жасалынған.

Әр тақырыптан кейін сұрақтар мен тапсырмалар түрлендіріліп берілген. Мысалы кейбір тапсырмалар тест түрінде берілсе, ал кейбір тапсырмалар сәйкестендіруге арналған. Әрбір параграфқа тапсырмалар оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалған

Әрбір тақырыпты өзектендіруге бағытталған сұрақтар, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар, өз бетімен орындайтын тапсырмалар, білу, түсіну, қолдану, талдау, бағалау бойынша блум таксаномиясы негізінде жасалған. Оқулықтағы тапсырмалар жеңілден күрделіге қарай беріліп, сабақ барысында орындалатын 3-4 тапсырмадан тұрады. Пән оқушылардың қызығушылығын арттырады.

Мысалы, *Тақырып: §6. Діндегі адамгершілік қағидалары*

Тақырып бойынша негізгі ұғымдар:

– *адамгершілік дегеніміз не?*: Жалпы мағынада, адамгершілік – бұл тұлға өз таңдауын жасауда басшылыққа алатын адамның моральдық қасиеті, белгілі бір ережелер жүйесі;

– *адамгершілік қағидалары дегеніміз не?*: Адамгершілік қағидалары – ол негізгі моральдық заңдар, құндылықтар жүйесі, сондай-ақ, адамгершілік тәжірибе арқылы бекітілген және барлық этикалық ілімдер мойындаған адамның моральдық міндеттері;

– *адамилық дегеніміз не?* Адамилық бұл жағымды қасиеттер жүйесі, ол қоршаған әлемге: туған-туысқандарына, жақындары мен достарына, қоғам мен табиғатқа деген саналы, мейрімді, риясыз және жауапты көзқарасын білдіреді.

– *ержүректік пен ар-намыс дегеніміз не?* Ержүректік пен ар-намыс – адамгершілік категориялары, олар күрделі өмірлік жағдайларды абыроймен теңгере алатын адамның мүмкіншіліктері мен қабілеттерін сипаттайды;

– *парасаттылық дегеніміз не?* Парасаттылық – бұл адамның адамгершілік тәжірибесіне және әдеп құндылықтарына негізделген іс-әрекет;

– *инабаттық дегеніміз не?* Инабаттылық – бұл қоршаған әлем мен табиғатқа баға жетпес сыйы ретінде құрмет, ұқыптылық, сүйіспеншілік және ризашылық.

Тапсырмалар:

1. Өзіңізді тексеріңіз!

Ұғымдарды мағынасы бойынша сәйкестендіріңіз:

A. Адамилық

B. Инабаттылық

C. Парасаттылық

D. Ержүректілік пен ар-намыс

1. Адамның адамгершілік тәжірибесіне және әдеп құндылықтарына негізделген іс-әрекет.

2. Адамгершілік категориялары, олар күрделі өмірлік жағдайларды абыроймен теңгере алатын адамның мүмкіншіліктері мен қабілеттері.

3. Қоршаған әлемге деген мейрімді, риясыз және жауапты көзқарасы.

4. Қоршаған әлем мен табиғатқа баға жетпес сыйы ретінде құрмет, ұқыптылық, сүйіспеншілік және ризашылық.

2. Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Адамгершілік дегеніміз не?

2. Күнделікті өмірде сіздер қандай адамгершілік қағидаларды басшылыққа аласыздар?

3. Әлемдік діндердегі адамгершілік дәстүрлері туралы эссе жазыңыздар.

4. Келесі тезистерді қалай түсінесіздер, сол жайында ойланып көріңіздер және түсіндіріңіздер: «Егер адам болсаң, өзіңді адам секілді ұста». «Жақсылық істе де, ол жайында ұмыт»[5].

Оқулықпен жұмыс істеу кезінде заманауи педагогикалық технологияларды қолдануға мүмкіндік берілген. Тақырып бойынша берілген сұрақтар мен тапсырмалар жаңартылған мазмұнда білім беруді ескере отырып жасалған. Әр параграфтың соңында оқушыларға функционалдық сауаттылықты дамытатын тапсырмалар берілген.

Оқулықтың соңында сынақ сабағына сұрақтар мен тапсырмалар және түсіндірме сөздік ретінде глоссарий берілген (4-қосымша).

Оқулық оқушылардың жас ерекшелігіне сай әзірленіп, түрлі-түсті суреттермен безендірілген. Оқулықтың шартты белгілері қойылған, әр тақырыпта мақсаты, тірек сөздері, тақырыпты өзектендіруге бағытталған сұрақтары берілген. Осы оқулықтан алынған мәліметтер, анықтамалар, түсініктер, ұғымдар оқушылардың қоғам және дін туралы түсініктерін дұрыс қалыптастырады.

Оқулық арқылы оқушылар «қоғам», «діни төзімділік», «еркіндік және жауапкершілік» т.б. ұғымдармен таныса отырып, дүниені, әлемді тани отырып, олардан алған білімдерін өз бойларына жинақтауды үйренеді.

Берілген әдіс-тәсілдер арқылы сабақ өткізу оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамытады.

Көрнекілігі:

«Қоғам және дін» оқулығында әр тақырып бойынша көрнекілік суреттер мен тапсырмалар эстетикалық құрылымы жоғарғы дәрежеде жасақталған.

Тірек сөздер, шартты белгілер, сұрақтар мен тапсырмалар, суреттер, кестелер, оқушының танымдық деңгейін арттыру мақсатында орнымен құрастырылған. Оқулықта берілген шартты белгілер оқушыға қай бағытта жұмыс жасайтынын көрсетеді.

Оқушылардың шығармашылығын және ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар әр түрлі түстермен, оқушыларға түсінікті берілген.

Оқулық безендірілуі тартымды, шартты белгілер түсінікті, тақырыптар оқушыларды қызықтыра алады. Глоссарий нақты берілген. Оқулықтың соңында әр сабаққа қажетті әдебиеттер және оқу ақпараттарының дерек көздері, суреттер туралы мәліметтер берілген.

Әр тақырыптарда термин сөздерге анықтамалар беріліп, тірек сөздер, көрнекілік мақсатындағы тақырыптық суреттер, тапсырмалар мен сұрақтар, кесте, схема түрінде ұсынылған.

Жаңа тақырыптағы терминдер мен қажетті мағлұматтар «*Жаңаны білейік*» шартты белгіде бөлініп берілген, және терминдер мен мәліметтер баланың меңгеруіне сәйкес жасалған.

Сұрақтар түсінікті, нақты қойылғандықтан тапсырмалар баланы ізденуге бағыттайды және оқулықта берілген суреттер, кестелер білім алушыға ой салардай мағыналы беріліп, тартымды безендірілген.

Шрифттің өлшемі талапқа сай, жолдар арасындағы ара қашықтық сақталған.

Әлемнің діни картасының берілуі оқушылардың танып білуіне көп пайдасын тигізді, қызығушылығын арттырды.

Иллюстрациялық материал сапалы таңдалған. Олар параграф мәтіндерінің жанында беріледі және тақырыпты ашуға мүмкіндік береді. Беттер арнайы белгілермен безендірілген, бұл оқушылардың оқу материалын меңгеруді сабақта ғана емес, үйде де тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Оқу материалын оқушының өз бетімен меңгеруіне көңіл бөлінген.

Оқулық сапалы әзірленген, талапқа сай безендірілген, әр бетінде заманауи дизайн қолданылған.

Оқушылардың көзқарасы:

Оқушылардың пәнге қызығушылықтары артты, ғылыми жоба жазуға, зерттеу жұмыстарын жүргізуде аталған оқулықтың пайдасы көп.

Тақырыптар қолжетімді, түсінікті, шағын тақырыпшаларға бөлінуі оқушылардың зейіндерін шоғырландыруға, материалды меңгеруге, пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік береді.

Ескертулер:

§4, §7, 10, 11, 12 параграфтардағы материалдар көлемді берілген.

Оқулықтағы суреттердің және анықтама сөздіктердің түстері әр түрлі болуы оқушылардың зейінін шоғырландыруға кері әсер етеді.

Оқу материалында өмірлік проблемалық мәселелер бойынша ақпараттар толықтыруды қажет етеді.

Оқулықтың 33, 41-44, 76-83 беттерінде күрделі ұғымдармен, терминдермен толтырылған тақырыптар енгізілген.

Білім алушылардың дін тарихы және олардың ерекшеліктері туралы ғылыми білімдерін сапалы меңгеру мақсатында оқулықтың 76-83 беттеріндегі оқу материалдарын бөлімдерге бөлу ұсынылады.

Бейне және аудио ресурстарға сілтеме берілмеген.

Оқулыққа электронды қосымша әзірленбеген.

Ұсыныстар:

– бейнероликтерді, диагностикалық құралдарды, және т. б. қоса отырып, 8-сыныпқа арналған «Қоғам және дін» курсының тақырыптары бойынша (мүмкіндігінше) электрондық қосымша құру жұмыстарын ұйымдастыру;

– көлемді 9-10 беттен тұратын 10, 11, 12 параграфтарды оңтайландыру;

– §10 «Батыс ойшылдары» (55-62 б.б.), §11 «Шығыс ойшылдары» (63-73 б.б.) тақырыптарын қысқарту ұсынылады. Мысалы, оқушылар Конфуций, Демокрит, Сократ, Аристотельдерді 5- сыныпта; Томас Мор, Галилео Галилей, әл-Фараби, ибн Сина, әл-Бируни, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Ясауи туралы мағлұматтарды 6-сыныпта «Дүниежүзі тарихы» мен «Қазақстан тарихы» пәндерінде оқиды;

– §12 «Қазақстандағы діндер тарихы: ежелден қазіргі заманға дейін» (75-84 б.б.) тақырыбын мысалы, «Қазақстандағы исламға дейінгі наным сенімдер», «Исламның Қазақстанға таралуы», «Қазақстандағы діндер» деп 3 тақырыпқа бөлсе білім алушылардың меңгеруіне жеңіл болады, Қазақстандағы діндер туралы мағлұматты жеңіл қабылдайтын еді;

– 35 беттегі §6 «Діндегі адамгершілік қағидалары» тақырыбына Барлыбек Сырттановтың «Ынтымақ ережесінен» үзінділер берілсе;

– 85 беттегі §13 «Қазіргі заман адамы және діни құндылықтар» тақырыбында бүгінгі күннің қаһармандары туралы көбірек мағлұматтар енгізілсе;

– кейбір параграфтарды мазмұнға сәйкес әр түрлі иллюстрациялық суреттермен толықтыру;

– оқулықтағы безендірулер бір түспен берілсе;

– § 12. «Қазақстандағы діндер тарихы» тақырыбында «Тәңірлік діндер әлем көрінісі» деген суретке қосымша ақпарат берілсе, Мысалы, қайдан табылды, қашан?

– оқулықтың сыртқы мұқабасы қалындау етіп қайта өңделсе;

– «Қоғам және дін» оқулығының электронды нұсқасы және оқушыларға арналған жұмыс дәптерлері шығарылса;

– әр тақырыпқа бейне материалдары бар қосымша ақпараттық ресурс (дискі) жасау;

– қосымша ресурстарға қол жетімді сілтемелер қосу (бейне және аудио материалдар);

– суреттерге түсіндірме берілсе;

– мұғалімдер үшін «Қоғам және дін» курсы бойынша арнайы оқу курстары ұйымдастыру ұсынылады.

8-сынып, «Қоғам және дін» курсы бойынша оқу әдістемелік құралы

Авторлары: Ә.П.Әбуов; Қ.Т.Қалилаханова; Г.Е.Жанұзақова;
С.Б.Әлімқұлова

Жалпы қорытынды:

Әдістемелік құрал «Қоғам және дін» оқулығының мазмұнына сәйкес әзірленген. Сабақ жоспарын құру үшін оқыту тәсілдері, сабақ жоспарларының үлгілері мен тақырыптық жоспар берілген (5-қосымша).

Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер, соның ішінде оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін дамытатын таңдаулы интерактивті әдістер қамтылған.

Әдістемелік құрал интерактивті әдістер, оқытудың белсенді әдістері, қосымша деректер, суреттер, кестелер арқылы мұғалімге оқытудың тиімділігін арттыру және оқу нәтижелерін қалыптастыруға бағытталған.

Әдістемелік құралда сабақтың басталуы, оқушыларды ынталандыруға арналған жаттығулар, өзіндік танымдық белсенділікті арттыруға арналған тәсілдер, өз бетімен орындайтын тапсырмалар, оқушылардың логикалық және ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар өте жеткілікті деңгейінде берілген. Барлық тапсырмалар оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған.

Әр тақырып жаңартылған білім мазмұны талаптарына жаңа бағдарламаға сай жасалынған, мысалы, жоспарда қалыптастырушы бағалау бар және өзіндік танымдық белсенділікке арналған тапсырмалар, көптеген қажетті кестелер берілген. Қосымша материалдар берілген.

Мысалы, Сабақ тақырыбы: Діндегі адамгершілік қағидалар

Оқу мақсаты

- адамгершілік қағидаларды негіздеу;
- діни ілімдердің адамгершілік қағидалары мен этикалық нормаларын өзара байланыстыру;
- жоғары адамгершілік қасиеттері бар қазіргі заманғы адамның портретін жасау.

Пәндік нәтижелер

Барлығы: адамгершілік принциптерді негіздей алады;

Қөпшілігі: діни ілімдердің моральдық қағидалары мен этикалық нормаларын өзара байланыстыра алады;

Кейбіреулері: жоғары моральдық қасиеттері бар заманауи адамның портретін жасай алады.

Пәнаралық байланыс

Дүние жүзі тарихы, өзін-өзі тану.

Мұғалімге нұсқаулық:

☑ Ынталандыру.

1. «Лотос гүлі» тәсілі». Топтық жұмыс.

Мақсаты: адамзаттың адамгершілік принциптерін негіздеу.

ОҚД: ойлау және шешім қабылдау.

Тапсырма: адамзаттың адамгершілік қағидаларын анықтап, 8 стикерге жазу, оларды негіздеп және «адамгершілік» түсінігінің айналасына гүл пішінінде орналастырыңыз.

Оқушылар топта талқылағаннан кейін, адамзат қалыптастырған адамгершілік қағидаларын ортасында жазылған адамгершілік түсінігіне қатыстыларын 8 параққа жазу ұсынылады.

Топтық жұмыстың нәтижесін тақтада бір үлкен Лотос гүлі пішінінде жапырақшаларды орналастыру арқылы жасауға болады, онда жапсырмаларды топтардың қатысушылары өз адамгершілік қағидаларын негіздейді.

Өзіндік танымдық белсенділік

2. Қабылдау «Тұжырымдамалық кесте». Топтық жұмыс.

Мақсаты: діни ілімдердің адамгершілік қағидалары мен этикалық нормаларын өзара байланыстыру.

ОҚД: сын тұрғысынан ойлау, пайымдаудың салыстырмалы жүйесі.

Тапсырма: діни ілімдердің этикалық нормаларын зерделеп, оларды адамгершілік қағидастарымен байланыстыру.

	Адамға, қоғамға деген қатынасы	Қоршаған әлеммен, табиғатпен қарым-қатынас
Адамгершілік принциптері		
Діни ілімдердің этикалық нормалары		

Оқушылар топта ұсынылған діннің моральдық құндылықтары мен этикалық нормаларын зерттеуге, оларды салыстыруға болатын ұғымдарын анықтауға және оларды кестеге қосуға шақырады.

Жазбаларды талдау, ұғымдарды салыстырып, қорытынды жасаңыз. Топтар «Хабаршы» әдісін пайдаланып ақпарат алмасады.

3. «Ыстық орындық» әдісі.

Мақсаты: жоғары моральдық қасиеттері бар заманауи адамның портретін жасау.

Ойлау дағдыларының деңгейі: шығармашылық ойлау, шешім қабылдау.

Тапсырма: егер сіз «ыстық орындықта» отырғыңыз келсе, өзіңізді табысты саясаткер, бизнесмен, отбасылық адам немесе жоғары моральдық қасиеттері бар басқа да рөлде елестетіп көріңіз.

Топ сұрақтар қояды немесе нақты жағдай ұсынады, ал сіздің міндетіңіз адамның жоғары адамгершілік қасиеттеріне сәйкес келетін жауаптар мен шешімдерді ұсыну.

Қалыптастырушы бағалау: топтар арасында өзара бағалау[6].

Әдістемелік құралда барлық тақырыптар бойынша қосымша ақпараттар: мақалалар, аңыздардан үзінділер және т.б. кеңінен қамтылған.

Әдістемелік құралдың бағдарлы және ұсынымдық сипаты білім алушылардың жас, психологиялық және білім беру ресурстарын ескере

отырып, осы сынып үшін материалды берудің оңтайлы әдістері мен тәсілдерін таңдауға мүмкіндік берді.

Әдістемелік құрал материалдары білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Мұғалімге сабақты жоспарлау үшін тиімді әзірленген.

Ескертулер:

– әдістемелік құралдағы тақырыптық жоспарда 26 бетте №9 сабақтың сабақ мақсаты орыс тілінде берілген;

– №5 сабақ: «Әлемдік діндер» тақырыбында әлемдік діндердің таралуы бойынша мәлімет өте нашар көрінеді. Ұстаздарға ыңғайсыздық туғызуы мүмкін. Сондықтан түрлі-түсті немесе анық түрде шығарылса (43-бет);

– әдістемелік құралдың мұқабасы жұқа берілген.

Ұсыныстар:

– сабақ жоспарларын жаңартылған мазмұн форматында рәсімдеу;

– оқыту курстарын кеңес беру сипатындағы жұмысты, мұғалімдер арасында жергілікті жерлерде сынақтан өткізудің практикалық тәжірибесін алмасуды ұйымдастыру (мүмкіндігінше);

– тақырыптарға сәйкес видеороликтер әзірлеу;

– берілген тапсырмаларға дескриптор беріліп отырса, мұғалімге көмегі тиер еді;

– әдістемелік құралдың электронды нұсқасын әзірлеу ұсынылған.

2 8-СЫНЫПТАРДАҒЫ «ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДІН» ОҚУ КУРСЫ ОҚУЛЫҚТАРЫ МЕН ОӘК АПРОБАЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

«Қоғам және дін» оқу курсы оқулықтары мен ОӘК апробациясы оқулық мазмұнының МЖМБС талаптарына, үлгілік оқу бағдарламасына, оқу-әдістемелік материалдардың сапасына сәйкестігін бағалауды, білім беру процесін ұйымдастыруда проблемалар мен қиындықтарды анықтауды, сондай-ақ оқу ресурстарын жетілдіру үшін мұғалімдердің ұсыныстарын есепке алу мақсатында олардың пікірлерін анықтауды көздейді.

Апробация қорытындылары:

- курс бойынша оқу процесін ұйымдастыру;
- оқулық пен оқу-әдістемелік кешендерге;
- мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламаларына «Қоғам және дін» курсы бойынша өзекті мәселелерді кіріктіру мақсатында ұсыныстарды негіздеу үшін пайдаланылатын болады.

Пилоттық мектеп мұғалімдерінің сауалнамада көрсеткен жауаптары бойынша, апробациядан өткізілген «Қоғам және дін» курсы оқулығы мен оқу-әдістемелік кешеніне оң сипаттамалар берілген, солардың ішінен келесі сипаттамаларды атап өтуге болады:

- оқулықта ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі адамзаттың діни мәдениетінің даму үдерісіндегі қоғам, мемлекет және дін мәселелері бойынша теориялық материалдардың жеткілікті болуы;

- оқулықтың тәрбиелік бағыты да басым: мысалы, адамгершілік, инабаттылық, ізеттілік және тұлғаны қалыптастырудағы маңызы зор әдеп, эстетика тақырыптарының кеңінен қамтылуы;

- пәннің негізгі тұжырымдамалық, өзекті мәселелері әлемдік әрбір дін ілімін зерттеуде олардың ортақ құндылықтарын ашуға баса назар аударылуы;

- әрбір тақырыпты өзектендіруге бағытталған сұрақтар, оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған жаттығулар, өз бетімен орындайтын тапсырмалар, блум таксаномиясы негізінде берілуі;

- білім алушылардың зерттеу жұмысын жүргізу дағдыларын дамытуға бағыттылығы;

- оқулықтың соңында әр сабаққа қажетті әдебиеттер және оқу ақпараттарының дерек көздері, суреттер туралы мәліметтер берілуі;

- әр тақырыптарда термин сөздерге анықтамалар беріліп, тірек сөздер, көрнекілік мақсатындағы тақырыптық суреттер, тапсырмалар мен сұрақтар, кесте, схема түрінде ұсынылуы;

- әдістемелік құралда оқушыларды ынталандыруға арналған жаттығулар, өзіндік танымдық белсенділікті арттыруға арналған тәсілдер, өз бетімен орындайтын тапсырмалар, оқушылардың логикалық және ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар өте жеткілікті деңгейінде берілген.

Барлық тапсырмалар оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған.

Оқулық пен ОӘК сапасы бойынша жинақталған мәліметтер негізінде жасалған талдауларға сәйкес, төмендегідей кемшіліктері анықталды және оларды әрі қарай жетілдіру қажет. Кемшіліктер:

– оқулықтың §4, §7, 10, 11, 12 параграфтардағы материалдар көлемді әзірленген;

– оқулықтағы суреттердің және анықтама сөздіктер әр түрлі түстермен берілген;

– оқулықтың 33, 41-44, 76-83 беттерінде күрделі ұғымдармен, терминдермен толтырылған тақырыптар енгізілген;

– бейне және аудио ресурстарға сілтеме берілмеген;

– әдістемелік құралдағы тақырыптық жоспарда 9 сабақтың сабақ мақсаты орыс тілінде берілген;

– «Әлемдік діндер» тақырыбында әлемдік діндердің таралуы бойынша мәлімет анық көрсетілмеген;

– оқулықтың және әдістемелік құралдың мұқабасы жұқа қағазбен түптелген.

Пилоттық мектеп мұғалімдерінің көпшілігі оқулықтағы көлемді берілген §10 «Батыс ойшылдары», §11 «Шығыс ойшылдары» тақырыптарын қысқартуды ұсынды. Бұл тақырып материалдары 6-сыныпта «Дүниежүзі тарихы» мен «Қазақстан тарихы» пәндері мазмұнында қамтылған.

Сонымен қатар, §12 «Қазақстандағы діндер тарихы: ежелден қазіргі заманға дейін» тақырыбын мысалы, «Қазақстандағы исламға дейінгі наным сенімдер», «Исламның Қазақстанға таралуы», «Қазақстандағы діндер» деп үш тақырыпқа бөлсе білім алушылардың меңгеруіне жеңіл болады деген ұсыныстарын білдірді.

Сондықтан авторларға оқулықтағы аталған тақырып материалдарын оңтайландыру ұсынылады.

«Қоғам және дін» курсы оқулығы мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеген баспаға:

- кейбір параграфтарды мазмұнға сәйкес әр түрлі иллюстрациялық суреттермен толықтыру;

– оқулықтағы безендірулерді бір түспен беру;

– оқулықтың және ОӘК сыртқы мұқабасын қалыңдау етіп қайта өңдеу қажет.

Барлық тұжырымдарды ескере отырып, оқулықтар мен ОӘК құрылымы мен мазмұнын жетілдіру үшін авторлар мен баспаларға келесі ұсынымдарды ұсынамыз:

Авторларға ұсыныстар

✓ оқу материалдары көлемін оңтайландыру;

✓ ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілігін қалыптастыру тапсырмаларының ұсынылуы;

✓ кейбір параграфтарды мазмұнға сәйкес әр түрлі иллюстрациялық суреттермен толықтыру;

✓ оқушының ақпарат көздерімен және электрондық ақпараттық ресурстармен жұмыс жасау дағдысын дамытуға арналған сұрақтар, тапсырмалар мен жаттығулар жүйесінің ұсынылуы;

✓ мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығын ескеру;

✓ оқулықтағы берілген суреттерді бойынша қосымша ақпаратпен қамтамасыз ету;

✓ қосымша ресурстарға қол жетімді сілтемелер қосу;

✓ оқулықтағы оқу материалына сәйкес берілген иллюстрациялар көлемінің оңтайлылығын қамтамасыз ету.

Баспаларға ұсыныстар

✓ оқулықтағы безендірулердің сапасын арттыру (бір стиль: түсінің анықтығы, ашықтығы) сызбалар мен суреттер бір бағдарламада орындалуы тиіс;

✓ оқулықтың эстетикалық ресімделуі;

✓ оқулықтың және әдістемелік құралдың мұқабасының сапасын арттыру;

✓ берілген суреттерге түсіндірме беру ұсынылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – білім алушыларды өз бетінше қажетті ақпаратты таба білуге, проблемаларды бөлуге және оларды шешу жолдарын іздеуге үйрету, алған білімдерін сын тұрғысынан талдай білуге және оларды жаңа міндеттерді шешу үшін қолдануға оқыту болып табылады.

Апробация – білім беру жүйесінің бір бөлігі. Ол жиналған нәтижелерді есепке ала отырып, үлгілік оқу бағдарламаларын, оқу жоспарларын, оқулықтарды, ОӘК келешектерін болжау және жетілдіру үшін ақпаратты жинау, сақтау, талдау және пайдалану арқылы білім беру процесінің сапасын үнемі бағалауы тиіс.

Пилоттық мектептердің 8-сыныптарындағы «Қоғам және дін» оқу курсы оқулықтары мен ОӘК апробация қорытындысы бойынша әзірленген бұл әдістемелік ұсынымдама екі бөлімнен тұрады.

Әдістемелік ұсынымдаманың бірінші бөлімінде 8-сыныптардағы «Қоғам және дін» оқу курсы оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендеріне жүргізілген апробация қорытындысы бойынша талдау жасалды.

Оқулықтың және ОӘК әдістемелік аппаратының тиімділігін, мазмұнының қолжетімділігін, оқу материалын баяндау тілінің оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі және оқу процесіне енгізу мүмкіндігі зерделенді. Пилоттық мектеп мұғалімдерінің сауалнамада көрсеткен жауаптары бойынша талдау нәтижелері ұсынылды.

Екінші бөлімде 8-сыныпқа арналған «Қоғам және дін» оқу курсы оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу сапасын жақсарту бойынша практикалық ұсынымдар ұсынылды.

Ұсынылған әдістемелік ұсынымдар «Қоғам және дін» оқу курсы бойынша оқулық пен оқу-әдістемелік кешендерді одан әрі жетілдіруге негіз болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 500 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасы. «Егемен Қазақстан», 28 маусым 2017.

2. «Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған «Қоғам және дін» курсының оқулықтары мен оқу әдістемелік кешендерін сынақтан өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 27 тамыздағы №390 бұйрығы

3. «Оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдарды әзірлеу, оларға сараптама, сынақ өткізу және мониторинг жүргізу, оларды басып шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 шілдедегі № 344 бұйрығы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 мамырдағы № 211 бұйрығымен өзгерістер енгізілген).

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 25 қарашадағы № 545 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған «Қоғам және дін» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

5. «Қоғам және дін» жалпы білім беретін мектептердің 8-сыныбына арналған оқулық./А.П.Әбуов, Қ.Т.Қалилаханова, Г.Е.Жанұзақова, С.Т.Әлімқұлова.– Алматы: «Көкжиек-Горизонт»,2019.

6. «Қоғам және дін» Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал/А.П.Әбуов, Қ.Т.Қалилаханова, Г.Е.Жанұзақова, С.Т.Әлімқұлова.– Алматы: «Көкжиек-Горизонт», 2019.

Пән мұғалімдері үшін
САУАЛНАМА

I бөлім. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

1. Келесі мәліметтерді көрсетіңіз:

Білімі	Еңбек өтілі:	Санаты («+» қойыңыз)								Жаңартылған білім мазмұны бойынша «Өрлеу» БАҰО курстары				«НЗМ» ДББҰ курстары			
		жоғары	I	II	санаты жоқ	Педагог-модератор	Педагог-эксперт	Педагог-зерттеуші	Педагог-мастер	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024

II бөлім. БІЛІМ МАЗМҰНЫ

Пән атауы

1. Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз (тиісті бағанға «+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

<i>Пайымдау</i>	2 балл	1 балл	0 балл
Пән бойынша жаңа бағдарлама менің білім алушыларымның басым көпшілігіне қызықты			
Пән бойынша бағдарлама білім алушыларымның басым көпшілігінің жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді			
Пән бойынша бағдарлама мазмұны практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған			
Бағдарлама мазмұнында қазақстандық компоненттер көрініс тапқан			
<i>Барлығы</i>			

2. Сіздердің білім алушылар үшін жаңа оқу бағдарламаларының негізгі артықшылықтары қандай?

(«+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

<i>Пайымдау</i>	2 балл	1 балл	0 балл
Кең спектрлі дағдыларды дамытуға бағытталған			
Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді			

3. Сізге қиындық тудырған тақырыптар мен бөлімдерді көрсетіңіз?

Пән атауы	Тақырыптар, бөлімдер

III бөлім. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ

<i>Пайымдау</i>	2 балл	1 балл	0 балл
Бағдарлама отбасылық құндылықтарды қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?			
Бағдарлама қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға ықпал етеді ме?			
Бағдарлама өз халқының және басқа да халықтардың дәстүрлерін түсінуді қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?			
Бағдарлама білім алушыларға практикалық жұмыста еңбек және өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді ме?			
Барлығы			

IV бөлім. ОҚУЛЫҚТАР

1. Оқулықтың мазмұны мен құрылымы

(Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

№	<i>Пайымдау</i>	2 балл	1 балл	0 балл
1	<i>Оқулық құрылымының талаптарға сәйкестігі</i>			
	мазмұны			
	кіріспе			
	түсіндіру мәтіні			
	бақылау сұрақтары мен тапсырмалар			
	шартты белгілерді, сигналдарды-символдарды пайдалану			
2	Бөлімдер бойынша оқу материалдары көлемінің оңтайлылығы			
3	Білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктеріне оқу материалының сәйкес келуі			
4	Оқу материалын мазмұндау логикасы (бөлімдер сабақтастығын сақтау)			

5	Оқулық мазмұнында қазақстандық компоненттің көрініс табуы			
6	Ғылыми және қолжетімділік принциптерін сақтау, мазмұнының, тапсырмалардың шынайы өмірдегі жағдаяттарымен байланысын қамтамасыз ету			

2. Оқу материалын баяндау тілі мен стилі

<i>Пайымдау</i>	<i>иә</i>	<i>жоқ</i>
Грамматикалық қателердің болуы		
Стилистикалық қателердің болуы		
Фактологиялық қателердің болуы		

3. Оқу материалының әдістемелік жағы (Пайымдарды екі баллдық шкала бойынша бағалаңыз («+» қойыңыз): 2 балл-толық, 1 балл – ішінара байқалады, 0 балл – байқалмайды)

<i>Пайымдау</i>	2 балл	1 балл	0 балл
Оқу тапсырмаларының білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігі			
Зерттеушілік сипаттағы тапсырмалардың болуы			
Дамытушы, үйретуші, тәрбиелеуші тапсырмалардың болуы			
АКТ-құзыреттілігін қалыптастыру			

4. Иллюстрациялық материал

<i>Пайымдау</i>	<i>балл</i>		
	<i>2</i>	<i>1</i>	<i>0</i>
Мәтіндік және иллюстрациялық материалдардың сабақтастығы			
Иллюстрациялық материалдың эстетикалық талаптарға сәйкестігі			
Иллюстрациялар көлемінің оңтайлылығы			

III бөлім. Оқу-әдістемелік кешендер

3.1 Оқулықпен қоса ОӘК алдыңыз ба? (белгі қойыңыз):

№	ОӘК	Иә	Жоқ
1	Әдістемелік нұсқаулық		

3.2 ОӘК мазмұны

Туісті бағанға белгі қойыңыз

№	Пайымдау	«+»	«-»
1	Оқулықтың мазмұнына сәйкестігі		
2	Формативті бағалау бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуы		
3	Қосымша ресурстарды пайдалану бойынша		

	тәжірибелік ұсыныстардың болуы (сілтемелер)		
4	Үй тапсырмаларын орындау бойынша тәжірибелік ұсыныстардың болуы		
5	Сұрақтар, тапсырмалар, мәтіндерді таңдауда қателердің болуы (қолайлылығы, дұрыстығы)		

3.3 Оқулық пен ОӘК-дерге жалпы сипаттама

	Жалпы сипаттама	Ескертулер	Ұсыныстар
Оқулық			
ОӘК			

8-сыныпқа арналған «Қоғам және дін» курсының апробациядан өткізілетін оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерінің тәртіптемесі
(оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептер үшін)

№	Білім беру ұйымдарының атауы	Білім беру ұйымдарының мекенжайы	Мектептердің байланыс телефоны және электронды адресі	Мектеп директоры ТАӘ	Сынып пен білім алушылар саны	Мұғалімдер ТАӘ және байланыс телефондары
1.	Ақмола облысы Бурабай ауданы, Оқжетпес орта мектебі	Оқжетпес ауылы, Достық көшесі, 30	8(716-36) 73480, 73478	Директор м.а Ескеева Карлыгаш Сабитовна 87779527453	8 Ә – 16 оқушы	Файзурахман Рыскуль Оразбайқызы 87718365387
2.	Ақтөбе облысы КГУ Темір ауданы, Шұбарқұдық елді-мекені №1 Шұбарқұдық мектеп-гимназиясы	Темір ауданы, Шұбарқұдық елді-мекені, Кереев көшесі, 4/В	8 (71346) 2 31 41	Казиева Индира Есенжоловна	8 А – 22 оқушы	Кожаметова Жумагуль Опақызы 87759008746
3	Алматы облысы Талдықорған қаласы, М. Жұмабаев атындағы №19 орта мектеп-гимназиясы	Талдықорған қ., Мүшелтой көшесі, 14	schn19_ga@mail.ru , 8(7282) 25-44-52, 253696	Сарқытов Қайрат Төлепбергенович 87012239146	8 А – 26 оқушы	Досаева Нурфазила Сатылғанқызы 87772474287
4.	Атырау облысы Индер ауданы, «Көктем» қазақ орта мектебі	Индер ауданы, Индербор елді мекені, Оңдасынова көшесі, 2	8(71234) 30157	Кусаинова Гульзада Мажитовна 87785692827	8А – 20 оқушы	Тунгатов Марсель Куралович 87756587950
5.	Шығыс-Қазақстан облысы Өскемен қаласы, Шоқан Уәлиханов атындағы	Өскемен қаласы, Крылов көшесі, 35	7 (7232) 25-36-18 qabyлдаu@balmesi.kz 7 (7232) 25-51-38 директор	Ақитбаев Есім Тұрысбекович	8А – 24 оқушы	Бахытканова Шынар Сериқовна 87052819710

	№3 мектеп-лицейі					
6.	Жамбыл облысы Меркі ауданы, №5 Ақарал мектеп-гимназиясы	Меркі ауданы, Ақарал ауылы, Сейтинбет көшесі, 15,	8(7226)32-54484	Койшыманова Нуриля Сейсембаевна	8А – 25 оқушы	Қасымов Ғани Сарсембаевич 87785706745
7.	Батыс-Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Подстепное ауылы, Теректі аудандық лингвистикалық гимназиясы	Теректі ауданы, Подстепное ауылы, Лесная көшесі, 118	8(71132)36508	Кереева Нұрбөбек Есполовна	8 А – 20 оқушы	Наурызғалиева Куляш Ахрановна 87051456873
8.	Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы, Қарқаралы қаласының академик О.А. Жәутіков атындағы жалпы білім беретін № 1 қазақ орта мектебі	Қарқаралы қаласы Жәнібеков көшесі, 38	8(72146)31376	Құсаинов Сұнғат Каримович 87018032324	8 А – 26 оқушы	Омарбеков Кайрат Максымович 87052316219 Kairat_Om@mail.ru
9.	Қостанай облысы Қостанай ауданы, Озерная орта мектебі	Қостанай ауданы, Озерная ауылы Пушкин көшесі 52	8(7145)566590 ozernayssh@rambler.ru	Лещенко Ирина Леонидовна	8 А-9 оқушы	Есмуратов Ержан Арманович 87025074540
10	Қызылорда облысы Қызылорда қаласы, Сақтапберген Әлжіков атындағы №144 орта мектебі	Қызылорда қаласы, Сексенбаев көшесі	8 (7242) 242133	Сейдахметова Жумагуль Абдиманапона	8 В – 27 уч-ся	Мукашева Ботакөз Сартбаевна 87077797948

11	Маңғыстау облысы ГУ Ақтау қаласы, №17 жалпы білім беретін орта мектеп	Ақтау қаласы, 13 микрорайон, №51	8(7292)314398	Нуржанова Люция Сабитовна 87025645333	8 А – 21 оқушы	Мухтарова Каламкас Капизовна 87023693736
12	Павлодар облысы Аққулы ауданы, С.Сатыбалды атындағы жалпы орта білім беретін мектебі	Аққулы ауданы, Аққулы ауылы	8(71839) 40590	Батталова Зайрангуль Кайсановна	8 сынып. – 3 оқушы	Шуганов Жанат Бекенович 87054826748
13	Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы, Алқатерек орта мектебі	Солтүстік Қазақстан облысы, Ақжар ауданы, Алқатерек ауылы, Ә.Молдағұлова көшесі, 5	8 (71546)-33-246 alkaterek.sh2015@mail.ru	Таменов Руслан Каматаевич 87711358227	8 сынып– 8 оқушы	Алина Гульмира Канашевна 87052650525
14	Түркістан облысы, Созақ ауданы, Созақ» жалпы орта мектеп – гимназиясы	Түркістан облысы Созақ ауданы, Созақ ауылы	8 (72546) 3 15 09	Улумбаева Айслу Құлыбековна	8 Ә – 24 оқушы	Мухамеджанов а Турсынай Хасанхановна 87783064084
15	Нұр-Сұлтан қаласы, № 53 мектеп-лицейі	Нұр-Сұлтан қаласы Қарқабат көшесі, 17	8(7172) 501679	Киянова Замзагуль Ертаевна	8 А -28 оқушы	Авдхалым Асия 87027627987
16	Шымкент қаласы Жамбыл атындағы №26 мектеп-гимназиясы	Шымкент қаласы, Чапаева көшесі, 16	<u>8 (7252)318080</u>	Кайкенова Гульсара Жумадуллаевна	8 Ә – 32 оқушы	Байтемирова Айгуль Касымхановна 87053545452

«Қоғам және дін» курсының апробациядан өткізілетін оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерінің тәртіптемесі (оқыту орыс тілінде жүргізілетін мектептер үшін)

	Білім беру ұйымдарының атауы	Білім беру ұйымдарының мекенжайы	Мектептердің байланыс телефоны және электронды адресі	Мектеп директоры ТАӘ	Сыныппен білім алушылар саны	Мұғалімдер ТАӘ және байланыс телефондары
1.	Ақмола	Көкшетау	8(7162)	директор м.а	8 В – 19	Байлина Айым

	облысы, Көкшетау қаласы, №14 орта мектебі	қаласы, Станислав көшесі, 35	324485	Габдуллина Асыл Усеровна	оқушы	Байбатыровна 87773063479
2.	Ақтөбе қаласы, № 25 жалпы орта білім беретін мектебі	Ақтөбе қаласы, Есет батыр көшесі, 71 «Б»	8 (7132) 445759 rov25@mail.r u	Баядилова Шолпан Уринбасаровн а	8 А – 25 оқушы	Утепбергенова Гульмайра Кенжегариевна 87750698858
3.	Алматы облысы, Көксу ауданы, Ақшатоған ауылы, №5 орта мектебі	Көксу ауданы, Ақшатоған ауылы, Калинин көшесі, 15	8(72838)31770	Кегенбаева Нуржамал Мырзатаевна 87784731077	8 кл – 9 оқушы	Абдухаликов Шамиль Сабирович 87052019011
4.	Атырау облысы, Атырау қаласы, Ж. Қаражігітов атындағы № 16 мектеп- лицейі	Атырау қ Адмирал Владимирск көшесі, 21.	8 (7122) 214401 приемная	Шибалаева Айгуль Калиевна 87013200553	8 В – 27 оқушы	Утепкалиева Мария Рамазановна 87016596097
5.	Шығыс- Қазақстан облысы Өскемен қаласы, Меновное орта мектебі	Өскемен қаласы, Меновное ауылы, Новая көшесі, 15	8(7232) 574110, 574595	Лихачева Любовь Петровна 87772035433	8 Б – 19 оқушы	Березовикова Ира Даминовна 87779833956
6.	Жамбыл облысы, Тараз қаласы, №40 мектеп- гимназиясы	Тараз қ, микрорайон Талас, 19А	8 (7262) 347327	Директор м.а. Алиева Марина Гусиновна	8 А – 28 уч-ся	Камышанская Людмила Викторовна 87779444037
7.	Батыс- Қазақстан облысы Орал қаласы, №24 жалпы орта білім беретін мектебі	Орал қаласы 4 микрорайон, 22	8(7112) 228073 school-2472@ mail.ru	Мергенева Катима Хавешевна	8 А – 23 оқушы	Еремин Сергей Анатольевич 87071191265
8.	Қарағанды облысы Қарағанды қаласы, Қазыбек би	Қарағанды қаласы, Сатыбалды көшесі, 19	8(7212) 502175		8 Г – 24 оқушы	

	ауданы, №15 жалпы орта білім беретін мектебі					
9.	Қостанай облысы, Лисаковск қаласы, Лисаковск қаласы әкімдігінің білім бөлімінің мектеп-гимназиясы	Лисаковск қ. 2 микрорайон, № 28 үй	8(7143) 334204	Елисеева Лариса Викторовна	8 А - 25 оқушы	Горбунова Елена Владимировна 87757471457 8(7143)334100
10	Қызылорда облысы Арал ауданы, Н.К.Крупская атындағы №14 мектеп-лицейі	Арал қ. Әбілхаир хан көшесі, 36		Бекеева Шара Алмашовна	8 Б – 20 оқушы	Махашова Камшат Бердибековна 87781914846
11	Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы, Баутин ауылы, М.Горький атындағы мектеп-лицейі	Түпқараған ауданы, Баутин ауылы Кіржұманұлы, 3 А	8(72938) 24527 shkolagorkogo@mail.ru	Директор м.а.Ниязбаева Жарасхан Жанкеевна	8 А – 20 оқушы	Дуйсалиев Армат Саматович 87079010102
12	Павлодар облысы Павлодар қаласы, М.Әуезов атындағы №42 жалпы орта білім беретін мектебі	Павлодар қ. Ткачев көшесі, 15	8(7182) 656286	Тургульдинов а Ирина Жакеновна	8 Б – 20 оқушы	Касенова Жанна Жакипбековна 87058312033
13	Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, №44 орта мектебі	Петропавл қ. Караванная көшесі, 140	8(7152) 331941, 523434	Карпук Сергей Васильевич	8 А – 23 оқушы	Згуро Наталья Александровна 87777634308

14	Түркістан облысы Түркістан қаласы, М.Жұмабаев атындағы №15 мектеп-гимназиясы	Түркістан қаласы, С.Кожанов көшесі, 51		Бесимбаев Уалихан Камбарович	8 Д – 35 оқушы	Садыкова Улжалгас Есмурзаевна 87077512951
15	Алматы қаласы, Медеу ауданы, №19 жалпы орта білім беретін мектебі	Алматы қаласы, Медеу ауданы Абдуллин көшесі, 11	8(727) 2302724	Сарсенбаева Назира Калиевна	8 В – 29 оқушы	Жусбекова Шолпан Тилеуахметовна 87478386786

Негізгі орта білім беру деңгейінің 8-сыныбына арналған
«Қоғам және дін» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

2. «Қоғам және дін» пәнінің маңыздылығы – зайырлы қоғамның негізгі құндылықтары мен даму тенденцияларын түсінетін, дін және оның тарихи процестегі рөлі туралы ғылыми білімді жүйелеуге қабілетті, ғылыми дүниетаным мен ұлттық санаға ие, өркениеттің тарихи-мәдени тәжірибесі негізінде ойлай алатын рухани тұлғаның қалыптасуына мүмкіндік беретін кіріктірілген әлеуметтік-гуманитарлық пән ретінде заманауи білім беру кеңістігінің негізгі бөлігі болу. Осы тұрғыда Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 20 маусымдағы № 500 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасы негізінде түрлі білім беру стратегиялары қалыптастырылып, жүзеге асырылатын болады.

3. «Қоғам және дін» оқу пәні негізінен ақпараттық-ағартушылық, сондықтан білім берудегі негізгі педагогикалық тәсілі – зайырлы, конфессиялық емес болып табылады.

4. «Қоғам және дін» пәнінің зерттеу объектісі ежелгі заманнан қазіргі кезеңге дейінгі адамзаттың діни мәдениетінің даму барысындағы оқиғалар, құбылыстар мен үрдістердің алуантүрлілігі болып табылады.

5. Оқу пәнінің мақсаты:

1) білім алушыларға әлемдік тарихи процестегі діннің орны, оның өзара байланысы мен қарым-қатынасы туралы, дін туралы ғылыми білім негізінде зайырлылық және мемлекет пен қоғамның зайырлы негіздері туралы түсінік қалыптастыру;

2) өзге халықтардың діни мәдениетіне құрметпен қарауды, діни экстремизм мен фанатизмнің радикалды идеологиясына қарсы иммунитетті қалыптастыру.

6. Оқу пәнінің міндеттері:

13) мемлекеттің білім беру жүйесінің зайырлы сипатын қамтамасыз ету принципін жүзеге асыру;

14) білім алушылардың діндердің тарихы және олардың өзіндік ерекшеліктері туралы ғылыми білімін қалыптастыру;

15) білім алушылардың зайырлы қоғам дамуының қазіргі кезеңін талдау мен жеке өмірін болжау үшін дін туралы қажетті білімді адамзат өркениетінің құбылысы ретінде меңгеруі;

16) қоғам дамуының зайырлы принциптерінің өзіндік құндылықтары мен әлем халықтарының діни мәдениеттерінің бірегейлігін ұғыну;

17) білім алушылардың азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет дамуының зайырлылық принциптеріне негізделген жеке ұстанымдары мен құндылықтық бағдарын қалыптастыру;

18) қазіргі қоғам мен жеке тұлға өміріндегі діннің рөлін анықтау;

19) әртүрлі діндер мен діни ұстанымдар құндылықтарының арасындағы байланыстарды анықтау;

20) түрлі діни мәдениеттер мен дәстүрлерге төзімділікпен қарауды қалыптастыру;

21) дін және оның тарихы туралы білімнің негізінде діни сауаттылыққа тәрбиелеу;

22) Қазақстан халқының тарихи қалыптасқан дәстүрлерін қастерлеу қабілетін арттыра отырып, қоғамдағы әр түрлі жат діни ағымдарға қарсы иммунитет қалыптастыру;

23) білім алушылардың діни әдебиет, электронды ресурстар мен БАҚ материалдарын талдауға қатысты сыни ойлау дағдыларын дамыту;

24) білім алушылардың коммуникативтік байланыс дағдыларын, дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша сұхбаттастық қабілетін дамыту.

7. «Қоғам және дін» пәнін оқыту барысында келесі оқу пәндерімен пәнаралық байланыстарды іске асыру көзделеді: «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «География», «Биология», «Физика», «Өзін-өзі тану».

2-тарау. Оқу пәнінің базалық мазмұны

8. «Қоғам және дін» пәні бойынша 8-сыныпта оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағатты, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

9. Оқу пәнінің мазмұны келесі тақырыптарды қамтиды:

1) кіріспе: «Қоғам және дін» пәні, ерекшелігі және бағыты туралы түсінік. Қоғам және оның белгілері туралы ұғым. Қоғамдағы дін. Қазақстанның Тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері туралы (1 сағат);

2) мәдениет және дін: «мәдениет» ұғымы. Рухани және материалдық мәдениет. Мәдениет адам және қоғам қызметінің нәтижесі ретінде. Дін және оның қызметтері. Дін өркениеттердің рухани мәдениетінің бөлігі ретінде. Мәдениетке діни мазмұнның енуі. Адам мәдениет пен діни мәдениетті қалыптастырушы ретінде. Мәдениет және дін қоғамның рухани құрылымында. Мәдениеттер мен діндердің алуан түрлілігі қазіргі әлемнің басты ерекшелігі ретінде (1 сағат);

3) ежелгі наным-сенімдер: діннің пайда болу алғышарттары. Ежелгі наным-сенімдер: ұғымы, шығу тегі, сипаттамасы. Тотемизм. Анимизм. Фетишизм. Магия. Шаманизм. Ежелгі наным-сенімдердің адамның кейінгі діни түсініктерінде көрініс табуы (1 сағат);

4) монотеизм негіздері: «монотеизм» термині дінтанулық, философиялық, теологиялық (құдай ілімі) бір құдайлық ілім ретінде. Жалғыз Құдай туралы діни түсінік. Монотеизмнің пұтқа табынушылық пен политеизмге қарама-қайшылығы. Иудаизм, христиандық және ислам монотеистік діндер ретінде

(1 сағат);

5) әлемдік діндер: «әлемдік діндер» түсінігі. Буддизм, христиандық, ислам: тарих негізінде. Қазіргі кезеңдегі әлемдік діндердің таралу ауқымы мен көлемі. Мемлекет пен қоғам қауіпсіздігін және бейбітшілігін сақтаудағы әлемдік діндердің рөлі (1 сағат);

6) адамзаттың пайда болуына қатысты екі көзқарас: ғылыми және діни аспектілері. Эволюциялық және діни дүниетанымдар. Тіршіліктің пайда болуына қатысты көзқарастардың алуантүрлілігі (1 сағат);

7) діндегі адамгершілік қағидалар: «адамгершілік» түсінігі. Адамгершілік қағидалары адам мен қоғам өмірінің айқындаушы бастамасы ретінде. Жақсылық пен зұлымдық: моральдық таңдау. Дін және адамгершілік. Әлемдік діндердің адамгершілік мазмұны: ортақтығы мен ерекшелігі (1 сағат);

8) діни символ және мистика: діни символдар туралы түсініктер мен ұғымдар. Мистика. Символдар және мистика діни белгілер формаларының алуантүрлілігі ретінде. Әлемдік діндердің символдары, олардың бейнеленуі мен мағынасы (1 сағат);

9) өнер және дін: ежелгі дәуірден XIV ғасырға дейін. Дін және эстетика. Өнер өркениеттердің рухани әлемінің көрінісі ретінде. Өнердегі діни бейнелер (1 сағат);

10) XIV ғасырдан бүгінгі күнге дейінгі өнер және дін. Өнердің қоғам мен діндердегі рөлі. Қазақ халқының рухани мұрасы (1 сағат);

11) батыс ойшылдары. Мәдениеттің қалыптасуы мен қоғам дамуына батыс ойшылдарының ықпалы (1 сағат);

12) шығыс ойшылдары. Мәдениеттің қалыптасуы мен қоғам дамуына шығыс ойшылдарының қосқан үлесі (1 сағат);

13) Қазақстандағы діндер тарихы: ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін. Қазақстандық қоғамның конфессиялық алуандылығы (1 сағат);

14) қазіргі заманғы адам және діни құндылықтар. Адамның қоғамдағы статусы және оның рухани қажеттіліктері. Тұлғаның өмірлік іс әрекетіндегі діни құндылықтардың мәні туралы (1 сағат);

15) адам өмірі – басты құндылық. «Құндылық» түсінігі. Адам өмірі ең басты құндылық ретінде. Өмір және оның құндылықтары туралы діни ілімдер (1 сағат);

16) таңдау еркіндігі және дін. «Еркіндік», «таңдау еркіндігі», «ар-ождан бостандығы» ұғымдары. Діни дәстүрлердегі таңдау еркіндігі түсінігі. Зайырлы мемлекет адам құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің кепілі ретінде (1 сағат);

17) еркіндік және жауапкершілік. Адамзат ойшылдары еркіндік пен жауапкершілік туралы. Жауапкершілік – тұлға іс-әрекеттерінің өзін-өзі реттеушісі, оның әлеуметтік және моральдық кемелденуінің көрсеткіші. Әлемдік діндер адам жауапкершілігі туралы (1 сағат);

18) махаббат және отбасы құндылықтары. «Махаббат» ұғымы құндылық әрі сапа ретінде. Махаббат – отбасын құрудың негізі. Отбасылық құндылықтар. Қоғам мен мемлекеттегі отбасының рөлі (1 сағат);

19) жасампаз еңбекке сүйіспеншілік және дін. «Еңбек», «жасампаз еңбек» ұғымдары. Сүйіспеншілік жасампаз еңбектің қайнар көзі ретінде. Діни дәстүрлердегі еңбектің мәні. Бәсекеге қабілетті қоғам мен мемлекеттің дамуындағы еңбектің рөлі (1 сағат);

20) дін және жаһандану. «Жаһандану» ұғымы. Жаһанданудың қауіпі мен қатерлері. Әлемдік және дәстүрлі діндердің жаһандануға қатынасы (1 сағат);

21) экстремизм және терроризм қазіргі әлемнің жаһандық қауіпі ретінде. «Экстремизм» және «терроризм» ұғымдары, түрлері және олардың мәні. Экстремизм және терроризмнің жалған діни себептері. Экстремизм мен терроризм неге дінді таңдайды? Діни экстремизм және терроризм идеологиясының таралу жолдары. Республикада тыйым салынған экстремистік және лаңкестік ұйымдар. Экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамалық негізі (2 сағат);

22) деструктивті діни ағымдардағы сананы бақылау және арбау тәсілдері. Деструктивтік ағымдар туралы түсініктер мен көзқарастар. Тәуекел топтар арбаудың объектісі ретінде. Сананы бақылау және арбаудың әдістері және тәсілдері. Деструктивті ағымдарға қарсы тұру туралы (1 сағат);

23) ХХІ ғасырдағы еркін ойшылдық және атеизм. «Еркін ойшылдық», «атеизм» ұғымдары. Үшінші мыңжылдықтағы ғылыми танымның діни дәстүрлерді жаңаша пайымдауы (1 сағат);

24) тарих пен қазіргі заман контекстіндегі ғылым және дін. Әлемді танудағы ғылыми және діни дәстүрлер. Заманауи ғылыми жетістіктер және оларды қолдану аясы (1 сағат);

25) мемлекеттердің дінге қатысы бойынша типологиясы. «Мемлекет» ұғымы. Мемлекет және дін: өзара қарым-қатынастардың түрлі жүйелерін қалыптастыру. Мемлекеттерді дінге қатынасы бойынша түрлері. Зайырлы мемлекеттер. Теократиялық мемлекеттер. Аралас мемлекеттер (1 сағат);

26) Қазақстан – зайырлы мемлекет. Мемлекеттің зайырлы сипаты республиканың табысты дамуының маңызды шарты ретінде. Конституция (Негізгі заң) зайырлы мемлекет туралы. «Зайырлылық» ұғымы. Зайырлылық – ол атеизм емес (1 сағат);

27) ХХІ ғасырдағы діндердегі жақсылық пен жамандықтың күресі: «Жақсылық» пен «жамандық» түсініктері. Әлемдік діндер жақсылық пен жамандық туралы. «Жақсылық» құндылығы қоғам, тұлға өнегелілігінің өлшемі ретінде. Зұлымдық адамгершіліктің антиподы ретінде (1 сағат).

28) адамның қоғамдағы мінез-құлықтық нормалары. «Мінез-құлық нормалары» түсінігі. Мемлекет заңдары тұлғаның қоғамдағы мінез-құлық нормаларының реттеушісі ретінде. Адамның іс әрекеті туралы діни дәстүрлер (1 сағат);

29) қазіргі Қазақстандағы конфессияаралық жағдай: діни панорама, діни ахуалдың жай-күйі мен даму динамикасы. Дін саласындағы мемлекеттік саясат. Этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі. Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдағы рөлі. Қазақ халқының дәстүрі зайырлы Қазақстан ұстанымдарын нығайтудың негізі (2 сағат);

30) діни төзімділік, толеранттық пен келісім мемлекеттер мен қоғамдардың үйлесімді бірге өмір сүру негізі ретінде. Діни төзімділік, толеранттық және келісім ұғымдары мен түсініктері: зайырлы және діни контекст. Зайырлы Қазақстанның іргелі құндылықтары. Қазақстан Республикасының Президенті қоғамның рухани жаңғыруы туралы. (1 сағат);

31) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың халықаралық қоғамдастық және еліміздегі бейбітшілік пен конфессияаралық келісімді орнату саласындағы саясаты. Елбасының бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудағы жаһандық бастамалары (1 сағат);

32) сынақ сабағы: «Қоғам және дін» пәні бойынша жалпы қорытындылар мен тұжырымдар. Шығармашылық жұмыстарды қорғау (1 сағат).

3-тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

10. Құндылыққа бағдарланған тәсіл:

1) бұл оқу іс-әрекетін ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәсілі, белгілі бір құндылықтар тарапынан оның нәтижелерін алу және қолдану. Құндылықтарға бағытталған оқу процесі білім алушының жеке тұлғалық құндылықтар жүйесін мақсатты түрде қалыптастырады;

2) қазақстандық патриотизмді, толеранттық сананы, тарихқа, ата-баба дәстүрі мен мәдениетіне құрмет көрсетуді, басқа халықтардың діни дәстүрлеріне сыйластықпен қарауды және экстремизм мен фанатизмнің радикалды идеологиясына қарсы иммунитетті қалыптастыру мүмкіндігін жүзеге асырады;

3) әр түрлі тарихи кезеңдегі діндер тарихын оқи отырып, білім алушылар әлемдік тарихи процесс және ондағы діннің орны, өзара байланысы мен қарым-қатынасының алуантүрлілігі, зайырлылық, мемлекет және қоғамның зайырлы негіздері туралы білімдерін жүйелейді.

11. Тұлғаға бағдарланған тәсіл:

1) сабақта мұғалім мен білім алушылардың субъект-субъектілік қатынасты, білім алушыларға қатысты демократиялық көзқарасты, олардың тұлғасына құрметпен қарауды, білім алушылардың моральдық-этикалық қасиеттерін, олардың қабілеттеріне негізделген әлеуетін барынша толық ашып көрсетуді және қалыптастыруды білдіреді;

2) білім алушылардың жеке мүдделері мен қабілеттерін, дербес оқиғаларды талдау және бағалау үшін қоғамдағы діннің орны мен рөліне қатысты кешенді мәселелерді талқылау процесінде өз ұстанымын анықтау және қорғау қабілетін, білім алушылардың қорытындылары мен тұжырымдарын, пайымдауларын және мәдени құбылыстар мен процестерді талқылауда жеке пікірі болу құқықтарын іске асыруды қалыптастырады.

12. Іс-әрекеттік тәсіл:

1) білім мен дағдылардың белсенді танымдық іс-әрекет процесінде қалыптасатындығын білдіреді, өз кезегінде бұл тарихи деректер мен басқа да ресурстарды өзіндік іздеу, интерпретациялау, талдау, тұжырымдау мен бағалауды көздейді;

2) білім алушылар өзекті сұрақтарды бірлесіп талқылауға, рөлдік ойындар және басқа да шығармашылық білім беру түрлеріне белсенді қатысады;

3) оқу бағдарламасында жаңа ақпаратты қолдану мен түрлендіру мүмкіндіктерін қолдануға баса назар аударылады, өз кезегінде ол білім алушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

13. Саралап оқыту тәсілі:

1) оқу процесін білім алушылардың әртүрлі топтарына мамандандырылуын, білім алушылардың жеке қабілеттіліктерін ескеру мақсатында әртүрлі топтарға түрлі жағдайларды жасауды көздейді;

2) білім алушылардың әр түрлі топтарының оқу қызметін, пәннің арнайы жасақталған құралдарының көмегімен және саралап оқыту тәсілдермен ұйымдастыру кіреді;

3) күрделілігі, оқу-танымдық қызығушылықтары, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану - сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады.

14. Коммуникативтік тәсіл:

1) оқыту процесінде ақпаратты жеткізу және хабарлау, өзара екі немесе одан да көп адамдар арасындағы коммуникативтік іс-қимыл процесінде білім, білік және дағдылармен алмасуды қамтиды;

2) коммуникативтік тәсілдердің нәтижесі болып тіл арқылы қатынасу қабілеттілігі, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдаланып және қатынас жағдайына сай тиімді қатынас жүріс-тұрысын таңдай отырып, түрлі жағдайларда қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және алмасу қабілеттілігі болып табылады;

3) оқыту процесі дұрыс сөйлеуді қалыптастыруға мүмкіндік беретін тапсырманы, сондай-ақ жұмыс режимдері, шынайы коммуникативтік қарым-қатынасты (жұптық және топтық жұмыс) қамтиды.

15. «Қоғам және дін» пәнін оқыту барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану:

1) ақпаратты іздеу, сұрыптау және фактілер мен құбылыстар арасындағы байланыстар мен айырмашылықтарды анықтау, салыстыруға байланысты өзіндік жұмыс жасау дағдыларын дамыту;

2) білім алушылардың білімін кеңейту үшін мультимедиялық ресурстарды пайдалану;

3) белсенді оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдау үшін интерактивті тақталарды пайдалану;

4) компьютерлік презентациялардың алуан түрлерін пайдалана отырып, таңдалған тақырып бойынша шығармашылық жобалар құру;

5) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту үшін компьютерлік байланыс құралдарын (мысалы, онлайн сабақтар, конференциялар) пайдалану.

4-тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойлатын талаптар

16. Пәндік нәтижелер. 8-сыныптың соңында білім алушылар:

- 1) «Қоғам және дін» пәнінің негізгі базалық ұғымдарын;
- 2) адамзат өркениетінің қалыптасу тұрғысындағы діни дәстүрлердің даму заңдылықтары мен тарихын;
- 3) негізгі зайырлы және діни мораль нормаларын, олардың қоғамды және тұлғаны қоршаған ортамен нәтижелі қарым-қатынастар орнатудағы мәнін;
- 4) адам өмірі мен қоғамдағы зайырлы құндылықтардың, жоғары этика нормаларын, сенім мен діннің мәні мен маңыздылығын;
- 5) ежелгі діндерді, әлемдік және дәстүрлі діндерді, олардың рухани мәдениеттегі, Қазақстан Республикасы тарихындағы және қазіргі кездегі рөлін;
- 6) қоғам дамуының әр түрлі кезеңдеріндегі адамзаттың діни танымын қалыптастырудағы өнердің рөлін;
- 7) өркениеттің рухани жаңғыруына өткен заман және қазіргі кездегі ойшылдардың қосқан үлесін;
- 8) адам өмірінің құндылығы мен мультимәдениетті, көпконфессиялы әлемде өмір сүру үшін қажетті басқа да моральдық қасиеттерді;
- 9) жаһандану дәуіріндегі елдегі және әлемдегі діни ахуалдың даму динамикасы және жағдайын;
- 10) діни мәдениеттің ғылым, нанотехнология, медицинаның түрлі аспектілерінің дамуына әсерін;
- 11) Қазақстандағы діндер тарихын;
- 12) Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі буындарының орта мерзімді даму бағыттарын;
- 13) бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау және нығайту жолындағы Қазақстанның және Ұлт Көшбасшысы – Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жаһандық бастамаларын білуі тиіс.

17. Тұлғалық нәтижелер.

Білім алушылар:

- 1) қоғам мен мемлекеттің зайырлы құндылықтарын құрметтеуге және қабылдауға;
- 2) діндер туралы дәйектерге, фактілер мен білімдерге құрметпен және төзімді қарауға;
- 3) ежелгі культтер мен әлемдік және дәстүрлі діндерді сипаттауды, олардың түрлерін, негізгі нышандарын, пайда болуы мен даму заңдылықтарын айқындауға;
- 4) өркениеттің діни дәстүрлерінің және діни мәдениеттер туралы меңгерген көзқарастары мен түсініктерін мысалдар негізінде ашып көрсетуге;
- 5) «Қоғам және дін» пәнінің ұғымдық аппаратын пайдалану және жүгінуге;
- 6) ортақ үрдістерді және айырмашылықтарды анықтай отырып, елдегі және әлемдегі діни жағдайды талдауға;
- 7) мемлекеттің, халықтың дәстүрлі және рухани мәдениетін, қоғам дамуының арасындағы себеп-салдарлық және функционалдық байланыстарын түсіндіруге;

8) пәннің берілген тақырыптарына сәйкес ақпарат іздеу, қабылданған материалдарды салыстыру және талдау, олардың фактілері мен пікірлерін, дәйектері мен қорытындыларын ажырата білуге;

9) пән бойынша алынған білімдер негізінде қоғам мен дін саласындағы өзекті сұрақтарға өзіндік пікір қалыптастыру және ұстанымын дәйектеуге;

10) ой-пікірін дәйектей алу, анықтамалар беру, дәлел келтіруге (қарсы дәлелді қосқанда);

11) негізгі ақпаратты қосалқы ақпараттан ажырату, дін саласының даму динамикасы мен ахуалы туралы алынған ақпараттың анықтығын сыни бағалау, алға қойған мақсатқа сәйкес ақпараттың мазмұнын дұрыс жеткізуге (ықшамдалған, толық, таңдаулы);

12) дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша ауызша баяндама, шығармашылық жұмыс дайындауға;

13) оқу пәнінің өзекті мәселелері аясында жиналған ақпаратты өздігінен іздеу, талдау және пайдалануды жүзеге асыруға;

14) қоғамдық және діни өзекті оқиғаларға бейімделе алу, жеке азаматтық ұстанымын анықтауға;

15) әртүрлі әлеуметтік жағдайдағы, мәдени құндылықтардағы және діни наным-сенімдегі адамдармен сындарлы сұхбат пен қарым-қатынасты жүзеге асыруға;

16) дін саласында болып жатқан іс-шараларды қазақстандық заңнамалар мен зайырлы адамның моральдық нормалары тұрғысынан бағалау, сондай-ақ діни экстремизм мен терроризмге қарсы тұруға қабілетті болуы тиіс.

18. Жүйелі-әрекеттік нәтижелер. Білім алушылар:

1) «Қоғам және дін» пәні бойынша зайырлы мемлекеттің рухани қауіпсіздігін нығайту үшін білімін;

2) дін мәселелері мен мемлекеттік-конфессионалдық қатынастар бойынша оқу-танымдық процестегі тапсырмаларды шешуде пәндік білімін;

3) Қазақстан заңнамасы мен жоғары этикалық нормалар тұрғысынан дін саласындағы болып жатқан оқиғаларды бағалаудағы білімдері мен дағдыларын;

4) діни фанатизм, экстремизм және терроризм идеологияларын танып білудегі білімді;

5) бұқаралық ақпарат құралдарынан, әлеуметтік желілерден, бұқаралық байланыс және тұлға аралық қарым-қатынастан алынған ақпараттарды қабылдауда сыни ойлауды;

6) әлемде және елде болып жатқан діни жағдайды талдай білуді;

7) діни мазмұндағы материалдарды өңдеуде ұғымдар мен танымдарды;

8) рухани құндылықтары бүкіл адамзаттың мұрасы ретінде жинақтау үшін пәндік ұғымдық аппаратты;

9) жобалау және жобалық-зерттеу қызметінде пайдалану үшін қоғам мен дін туралы ғылыми және кең тараған ақпаратты;

10) қоғамда, ұжымда, отбасында және жақын араласатындар арасында лайықты мінез-құлық қалыптастыру үшін пәнді білуде;

Сынақ сабағына арналған сұрақтар мен тапсырмалар

1. Қоғам дегеніміз не? Дін дегеніміз не?
2. Дін мен мәдениеттің өзара байланысы қандай?
3. Қандай ежелгі діни наным-сенім түрлерін білесіздер?
4. Сіздің пікіріңізше монотеизмнің мәні неде?
5. Қандай әлемдік діндер бар? Сипаттама беріңіздер.
6. Адамзаттың пайда болуын креационизм мен эволюционизм қалай түсіндіреді?
7. Адамгершілік қағидалары дегеніміз не, және олар түрлі діндерде қалай көрініс тапқан?
8. Діннің қандай символдарын білесіздер? Олардың мағынасын түсіндіріңіздер.
9. Ежелгі мемлекеттер өнерінің дамуында дін қандай рөл атқарады?
10. Қайта өрлеу және Ағарту дәуірлерінің көркем өнер стильдерін сипаттаңыз.
11. Ислам діні қазақ халқының өнеріне қалай әсер етті?
12. Батыс ойшылдарын атаңыз. Оларды қандай жалпыадамдық құндылықтар толғандырды?
13. Шығыс ойшылдарын атаңыз. Олар қоғамдық сананың дамуына қандай үлес қосты?
14. Исламға дейін қазақтардың діни наным-сенімдері қандай болды? Түсініктеме беріңіздер.
15. Қазақстан аумағына ислам, православ, католицизм, протестантизм, иудаизм және буддизм діндерінің енуі туралы айтып беріңіздер.
16. Сіздің ойыңызша қазіргі адам үшін қандай құндылықтар маңызды?
17. Адам өміріне жоғары құндылық ретінде әлемдік діндердің қатынасы қандай?
18. Зайырлы қоғамда «таңдау еркіндігі» түсінігі нені білдіреді?
19. Неліктен жауапкершілік адамның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайтын адамгершілік ұстанымы болып табылады?
20. Бақыттың маңызды тетігі махаббат екендігіне келісесіз бе? Әлемдік діндерде «махаббат» түсінігі қандай орын алады?
21. Діни дәстүрде еңбектің рөлі қандай?
22. «Жаһандану» дегеніміз не? Бұл құбылыстың оң және теріс жақтары қандай?
23. «Экстремизм» және «терроризм» дегеніміз не? Неліктен экстремизм және терроризм діни ұрандарды пайдаланады?
24. Қазақстанда экстремизм мен терроризмге қарсы әрекет ету үшін қандай шаралар қабылданған? Оларды сипаттаңыздар.
25. Деструктивті діни ағымдардың арбау әдістері мен тәсілдері қандай? Оларды атаңыздар.
26. «Еркін ойшылдық» дегеніміз не және оның формалары қандай?
27. Қазіргі заман ғылымы мен діннің өзара қарым-қатынасының типтері

туралы не білесіздер? Атап өтіңіздер.

28. Зайырлы және теократиялық мемлекеттің айырмашылықтары неде? Сипаттаңыздар.

29. Зайырлы Қазақстанның дін саласында атқарылып жатқан мемлекеттік саясаты туралы айтып беріңіздер.

30. Дінде «жақсылық» және «жамандық» түсініктері қандай орын алады? Мысал келтіріңіздер.

31. Қоғамда адамның әрекетін қандай ережелер реттейді? Исламда және христиан діндеріндегі этикалық нормалардың ерекшеліктері неде?

32. Конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісінің ерекшелігі неде?

33. Қазақстандық қоғам үшін «діни төзімділік», «толеранттылық» және «келісім» түсініктері нені білдіреді?

34. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев қандай бейбіт шығармашылық бастамаларды ұсынды? Елбасымыздың бастамалары қазіргі қаман әлемінің қауіпсіздігінде қандай рөл атқарады?

«ҚОҒАМ ЖӘНЕ ДІН» КУРСЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАРЫ

Саб ақ №	Сабақтың тақырыбы	Сабақтың мақсаты	Сағат саны	оқулық
1.	Кіріспе. Тарих өрісіндегі қоғам және дін	- адам өміріндегі қоғамның маңызын түсіндіру; - діннің қоғамдағы рөлін анықтау; - Қазақстанның зайырлық ұстанымдарын сақтау маңыздылығын бағалау.	1	Кіріспе
2.	Мәдениет және дін	- мәдениет пен дін арасындағы өзара байланысты орнату; - қоғам мен адам өміріндегі дін мен мәдениеттің рөлін бағалау;	1	§1
3.	Ежелгі діни наным-сенімдер	- ежелгі культтердің пайда болу себебін түсіндіру; - ежелгі діни наным-сенімдерді сипаттау.	1	§2
4.	Монотеизм негіздері	- дін түрлерін белгілері арқылы анықтау; - монотеизмнің пайда болуын анықтау. - монотеизмнің күшті және әлсіз тұстарын анықтау.	1	§3
5.	Әлемдік діндер	- әлемдік және ұлттық діндердің айырмашылықтарын көрсету; - жоспар бойынша әлемдік діндердің сипаттамасын құру. - әлемдік діндердің қоғамдар мен мемлекеттердің бейбітшілік пен қауіпсіздігін сақтаудағы рөлін бағалау.	1	§4
6.	Адамзаттың пайда болуына қатысты екі көзқарас	- әлемнің пайда болуы, адамның және барлық нәрселердің пайда болуы туралы мифтердегі аңыздарды түсіндіру; - адамзаттың шығу тегі туралы эволюциялық және діни көзқарастардың мәнін негіздеу; - әлемді танудағы ғылыми тәсілдердің маңыздылығын бағалау.	1	§5
7.	Діндегі адамгершілік қағидалар	- адамгершілік қағидаларды негіздеу; - діни ілімдердің адамгершілік қағидалары мен этикалық нормаларын өзара байланыстыру; - жоғары адамгершілік қасиеттері бар қазіргі заманғы адамның портретін жасау.	1	§6
8.	Діни символ және мистика	- символдардың мәндік мағынасын дәлелдеу; - діни символдарды тану. - кейбір адамдардың өмірінде мистиканың орын алуын дәлелдеу.	1	§7
9.	Өнер және дін: ежелгі дәуірден XIV ғасырға дейін	- ежелгі мемлекеттердегі дін мен өнер арасындағы өзара байланысын анықтау; - ежелгі өркениеттегі өнердің ерекше тұстарын және ондағы діннің ықпалын көрсету.	1	§8
10.	XIV ғасырдан бастап қазіргі	- Қайта өрлеу, Ағартушылық, Жаңа және Жаңа дәуірдің өнерін ажырату;	1	§9

	кезеңге дейінгі өнер және дін	- Қазақ халқының өнер ерекшеліктерін анықтау; - Жаңа уақыттан бастап өнердің зайырлы сипатын дәлелдеу.		
11.	Батыс ойшылдары	- Батыс ойшылдарының идеялары мен еңбектерінің маңыздылығын дәлелдеу; - Батыс ойшылдарының әлемдік өркениетке қосқан үлесін бағалау.	1	§10
12.	Шығыс ойшылдары	- Шығыс ойшылдарының негізгі идеяларын, ілімдерін, еңбектерін анықтау; - ойшылдардың ғылыми-танымдық әлемге жасаған еңбегін бағалау.	1	§11
13.	Қазақстандағы діндер тарихы: ежелден қазіргі заманға дейін	- Қазақстан территориясында діннің таралу тарихын талдай және ақтау; - Республикадағы діндердің таралуымен тарихи оқиғалардың өзара байланысын орнату; - қазіргі Қазақстандағы дін ұстанымын қазақстандық заңдар мен зайырлы адамның моральдық нормалары тұрғысынан бағалау.	1	§12
14.	Қазіргі заман адамы және діни құндылықтар	- заманауи тұлға үшін маңызы бар құндылықтарды анықтай; - қазақстандық қоғамның діни құндылықтары мен зайырлы құндылықтарының арасындағы байланысты орнату. - зайырлы мемлекетте барлық заманауи құндылықтардың сақталуын қамтамасыз етудің маңыздылығын бағалау.	1	§13
15.	Адам өмірі – ең жоғарғы адамгершілік құндылық	- адам өмірінің құндылығын сезіну. - таңдалған идеалдың негізінде, өз болашағын жоспарлау;	1	§14
16.	Таңдау еркіндігі және дін	- қазіргі қоғамдағы адам бостандығының өзектілігін анықтау; - діни дәстүрлердегі таңдау еркіндігін түсіну; - зайырлы қоғамда таңдау еркіндігінің маңыздылығын бағалау.	1	§15
17.	Еркіндік және жауапкершілік	- «бостандық» және «жауапкершілік» ұғымдарының өзара байланысын орнату. - жауапкершіліктің өнегелік және діни бағдарын салыстыру.	1	§16
18.	Махаббат және отбасы құндылықтары.	- жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген отбасы сипаттамасын жасау. - отбасылық құндылықтарға діннің көзқарасын анықтау; - махаббатпен сүйіспеншілікке негізделген отбасылық құндылықтардың маңыздылығын	1	§17

		бағалау.		
19.	Жасампаз еңбекке сүйіспеншілік және дін.	- адам өмірінде еңбектің басты рөлін негіздеу. - адам өміріндегі еңбек құндылығын, қоғам мен мемлекеттің дамуын бағалау.	1	§18
20.	Дін және жаһандану	- тарих пен қоршаған әлемнің біліміне сүйеніп, өркениеттердің жақындасуына, олардың интеграциясы мен жаһандануына ықпал ететін оқиғалар мен құбылыстардың логикалық тізбегін қалыптастыру; - жаһанданудың оң және теріс аспектілерін анықтау; - жаһандануға жағымды ықпал ететін діндердің өзара әрекеттесуінің негізгі принциптерін қалыптастыру.	1	§19
21-22.	Экстремизм мен терроризм қазіргі әлемнің жаһандық қауіпі ретінде.	- экстремизм мен терроризмді мемлекеттер мен қоғамдардың халықаралық қауіпсіздігіне қатер ретінде сипаттау; - экстремистер мен лаңкестер дінін негізгі қару ретінде тандау себептерін анықтау; - елдегі, әлемдегі діни жағдайдың жай-күйін талдау және қазақстандық заңнаманың ұстанымына байланысты іс-шараларды бағалау	2	§20-21
23.	Деструктивті ағымдардағы сананы бақылау және арбау әдістері.	- деструктивті культтердің шынайы мақсаттарын түсіну; - деструктивті діндердің арбау жолдары мен әдістерін талдау.	1	§22
24.	XXI ғасырдағы еркін ойшылдық және атеизм.	- еркін ойлау дамуының динамикасы мен себептерін анықтау; - еркін ойлау нысандарының айрықша ерекшеліктерін белгілеу; - қазіргі кезеңде еркін ойлаудың маңыздылығын бағалау.	1	§23
25.	Тарих пен қазіргі заман контекстіндегі ғылым және дін.	- ежелгі дәуірден қазіргі уақытқа дейінгі ғылым мен діннің арасындағы қарымқатынастың ерекшеліктерін зерттеу; - жеке пікірлер мен дәлелдерді зерттеу негізінде қалыптастыру. - ғылыми жетістіктер мен жаңалықтардың прогрессивтілігін дәлелдеу	1	§24
26.	Мемлекеттердің дінге қатынасына қарай типологиясы.	- мемлекеттің басты белгілерін білу; - әртүрлі мемлекеттердің дінге қатынасына қарай салыстырмалы талдау жүргізу; - дінге қатысты әртүрлі мемлекеттердегі адамның еркіндік дәрежесін бағалау	1	§25
27.	Қазақстан – зайырлы мемлекет.	- зайырлы Қазақстан құндылықтарын айқындау; - зайырлы мораль нормаларын, олардың адамның еркіндігін қамтамасыз етудің маңыздылығын сипаттау; - дәлелдемелерді негіздеу, бағалау,	1	§26

		дәлелдемелерді (немесе басқасын) біздің мемлекетіміздің зайырлы қағидалары туралы халықтың мүддесі тұрғысынан ұсыну.		
28.	XXI ғасырдағы діндердегі жақсылық пен жамандықтың күресі.	- адамгершілік категориялары «жақсылық» пен «жамандыққа» анықтау; - осы моральдық категорияларға діннің қатынасын анықтау; - діни мәдениет пен дәстүрдің негізінде жақсылық немесе жамандық көріністерін мысал арқылы ашу.	1	§27
29.	Адамның қоғамдағы мінез-құлық нормалары.	- адамның қоғамдағы мінез-құлықның басты нормаларын жүйелендіру; - адамның мінез-құлық нормасының дамуындағы діннің рөлін айқындау; - зайырлы қазақстандық қоғамдағы мінезқұлық нормаларын халықтың мүддесіне негіздей отырып бағалау.	1	§28
30-31.	Қазіргі Қазақстандағы конфессияаралық жағдай.	- еліміздегі діни жағдайды зерттеу; - маңызды құжаттарды зерделеу арқылы діни саладағы мемлекеттік саясатты талдау; - Қазақстанның діни алуан түрлілігін сипаттау	2	§29-30
32.	Діни төзімділік, толеранттылық пен келісім мемлекеттер мен қоғамдардың үйлесімді бірге өмір сүру негізі ретінде.	- қазақстандық қоғамның құндылықтарын сипаттау: діни төзімділік, төзімділік пен келісім; - діни саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарын айқындау; - қоғам мен мемлекеттің рухани мәдениетін дамытудың себеп-салдарлық қатынастарын түсіндіру.	1	§31
33.	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың елде және халықаралық қоғамдастықта бейбітшілік пен конфессияаралық келісімді қалыптастырудағы саясаты	- бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтаудағы Қазақстанның және оның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың жаһандық бастамаларын негіздеу; - қоғамдар мен мемлекеттерде сенім мен үйлесімділікті қалыптастыру мақсатында діндер арасындағы диалогты қамтамасыз етудегі Н.Ә.Назарбаевтың саясатын бағалау.	1	§32
34.	Сынақ		1	Сынақ сұрақтары

Мазмұны

Кіріспе	3
1 8-сыныптардағы «Қоғам және дін» оқу курсы оқулықтары мен ОӘК апробация қорытындысы.	5
2 8-сыныптардағы «Қоғам және дін» оқу курсы оқулықтары мен ОӘК апробация қорытындысы бойынша әдістемелік ұсынымдар	55
Қорытынды	58
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	59
Қосымша	60

Введение

В Концепции государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2017 – 2020 годы, утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 20 июня 2017 года № 500, отмечено, что «система образования играет фундаментальную роль в формировании у личности и общества казахстанского патриотизма, уважения к национальным и духовным традициям народа».

В концепции определены основные принципы системы образования в организациях образования:

- обеспечение государством светского характера системы образования;
- соблюдение обучающимися и воспитанниками, их родителями (законными представителями) правил внутреннего распорядка, выполнение других требований, предусмотренных уставом организации образования и договором о предоставлении образовательных услуг;
- предоставление учащимся в процессе обучения и воспитания исключительно научных знаний о религиях;
- недопустимость принуждения при обучении к вступлению в какое-либо религиозное объединение или пребыванию в нем;
- недопустимость отказа учащихся от посещения учебных занятий по религиозным мотивам [1].

На основании Концепции государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2017 - 2020 годы" № 500 от 20 июня 2017 года разработаны учебная программа, учебники и учебно-методические комплексы для 8 класса уровня основного среднего образования.

В соответствии с этим, в 2019-2020 учебном году в 8-х классах 31 пилотной школы проведена апробация учебной программы, учебников и учебно-методических комплексов по курсу «Общество и религия».

Апробация учебников и учебно-методических комплексов по курсу «Общество и религия» в 8-х классах пилотных школ проведена в соответствии с Приказом министра образования и науки Республики Казахстан «О проведении апробации учебников и учебно-методических комплексов курса «Общество и религия» для 8 класса уровня основного среднего образования» № 390 от 27 августа 2019 года.

Цель проведения апробации учебников и учебно-методических комплексов по курсу «Общество и религия» в 8-х классах пилотных школ в 2019-2020 учебном году – анализ качества и эффективности учебной программы, учебников и учебно-методических комплексов, разработанных на основании Концепции государственной политики в религиозной сфере Республики Казахстан на 2017 - 2020 годы. Наряду с этим, в ходе реального учебного процесса в 8-х классах пилотных школ выявить недостатки, допущенные в учебниках и учебно-методических комплексах и дать рекомендации по дальнейшему совершенствованию учебников и УМК в целях подготовки для внедрения в общеобразовательные школы.

В апробации приняли участие 31 пилотная школа: 19 городских, 12 сельских, в том числе 3 малокомплектные школы.

Учебники и учебно-методические комплексы по курсу «Общество и религия» для 8-х классов изданы одним издательством.

В методических рекомендациях проанализированы результаты апробации учебников и учебно-методических комплексов по курсу «Общество и религия» для 8-х классов, в соответствии с Положением об организации работы по подготовке учебников, учебно-методических комплексов, проведении экспертизы, апробации и мониторинга, их печати, утвержденном приказом министра образования и науки Республики Казахстан № 344 от 24 июля 2012 года [2].

Анализ результатов апробации учебника и УМК включает оценку качества учебных материалов, выявление проблем и трудностей. Национальная академия образования им. И.Алтынсарина разработала инструментарий (анкета) для анализа результатов апробации учебника и УМК курса «Общество и религия» для 8-х классов пилотных школ.

Анкета содержит информацию о учителях-предметниках, требования к учебной программе, структуре и содержанию учебника, требования к содержанию УМК, а также общая характеристика учебника и УМК (Приложение 1).

Согласно требованиям к структуре и содержанию учебника сделан анализ по следующим критериям:

- оптимальный объем учебных материалов по разделам, содержанию учебника;
- соответствие учебного материала психологическим и возрастным особенностям обучающихся;
- логика изложения учебного материала (сохранение преемственности разделов);
- отражение казахстанского компонента в содержании учебника;
- соблюдение принципов научности и доступности, обеспечение связи контента, заданий с реальными жизненными ситуациями;
- соответствие заданий и иллюстративных материалов учебному материалу.

Наличие практических рекомендаций по соответствию содержания учебных программ, оцениванию учебных достижений, использованию дополнительных ресурсов и выполнению домашних заданий, согласно требованиям к содержанию учебно-методических комплексов. Выявлены ошибки в подборе вопросов, заданий и текстов.

Наряду с этим, даны методические рекомендации по результатам апробации учебников и УМК курса «Общество и религия».

